

**ТОВАРИЩЕСКАЯ ВСТРЕЧА СТУДЕНТОВ ЕСТЕСТВЕННО-МАТЕМАТИЧЕСКОГО ФАКУЛЬТЕТА ПОД НАЗВАНИЕМ «Спорт – здоровый келіс!»**

В своем очередном послании к народу «Новое десятилетие – новый экономический подъем, новые возможности Казахстана» президент страны Н.А. Назарбаев уделит большое внимание массовому спорту и развитию здорового образа жизни среди молодежи.

Мы должны создать для студентов такие условия, где они могут выразить себя, как свободные, самостоятельные личности. После окончания вуза каждый студент должен унести с собой не только богатые знания, но и светлые воспоминания об интересной и увлекательной студенческой жизни.

Спорт, физическое воспитание – неотъемлемая составная часть почти всех воспитательных систем. Современное общество, в основе которого лежит высокопроизводительное производство, требует физически крепкого молодого поколения, способного с высокой производительностью трудиться на предприятиях, переносить повышенные нагрузки, быть готовым к защите Родины. Спорт способствует выработке у молодежи качеств, необходимых для успешной умственной и трудовой деятельности.

В целях реализации послания президента студенческий деканат отделения математики и информатики провел товарищескую встречу среди студентов факультета. В соревновании приняли участие 3 команды: «Жеңіс», «Денсаулық сақшылары» и «Шымыр», где победила команда отделения естествознания «Жеңіс». II место получила команда «Денсаулық сақшылары», состоящая из игроков двух отделений, и III место получила команда «Шымыр» отделения математики и информатики. Также участники были награждены в номинации «Лучший игрок». Обладателями этой номинации стали студентка группы 04102, специальности «математика» Романова Ольга, студентка группы 01106 специальности «Экология» Казанова Гульсулу, и студентка группы 01105 специальности «Экология» Раева Айдана.

Участники показали захватывающую игру, хорошую спортивную подготовку и навыки профессиональной игры. Многие студенты по окончании игры, захотели записаться в нашу спортивную секцию и в дальнейшем развивать свои физические навыки.

Каждый болельщик, наблюдавший за игрой, искренне переживал за свою команду, желая ей победы и благополучного исхода игры. Особенно упорной была игра между



командами отделения естествознания и сборной. Они были абсолютно уверены в своей победе, изо всех сил стремились к ней.

Данные спортивные мероприятия благотворно влияют на жизнь студентов, развивают в них здоровый дух и позитивный взгляд на жизнь, укрепляют здоровье, повышают умственную и физическую работоспособность, воспитывают нравственные качества. Развивают стремления быть здоровым, бодрым, доставлять радость себе и окружающим.

**Д.Б.ЕСЕРКЕПОВА,**  
Студенческий декан отделения математики и информатики

**ҚОЛЖАЗБАЛАР  
АВТОРЛАРЫНА КЕРІ  
ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ.  
ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ  
ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ.  
ЖАРИЯЛАНЫМ  
АВТОРЛАРДЫҢ ПІКІРЛЕРІ  
РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН  
БІЛДІРМЕЙДІ**

**МЕНШІК ИЕСІ:**  
М.Өтемісов атындағы  
Батыс Қазақстан  
мемлекеттік  
университеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 09.08.2000 ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі 1435 - Г куәлігі берілген.

Индексі 090000  
Таралымы 500

**РЕДАКТОР:**  
ШЫНТЕМІРОВА  
Гүлсая Каримоллақызы

**ТІЛШІЛЕР:**  
ЖАНТУРИЕВА Гүлнұр  
СРАЛИЕВА Мейрамгүл,  
ХЛОПКОВА Анастасия

**КОРРЕКТОР:**  
БЕККУЖИЕВА Светлана

**БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:**  
АБДУЛЛИНА Асель

**ФОТОСУРЕТШІ:**  
ХАЛЕПОВ Рафхат

Сарайшық көшесі, 34, e-mail:  
IC-SMI@wksu.kz, тел. 50-76-52

**СПОРТ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ**

Ә Қызылорда қаласында Бокстан қыздар арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты болып өтті. Жарысқа М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінен құралған қыздар құрама командасы алғашқы рет қатысып отыр. Қатысқан сайыскерлер Н.Брманова, Ж.Клютова, Д.Ниязова, Е.Виницкая, А.Айтмулиновалар I разряд нормативін орындады. Командаға жетекшілік еткен «Дене тәрбиесі» кафедрасының оқытушысы, доцент Т.К.Кубашев болатын.

Ә Жақында Өскемен қаласында Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары арасында спорттың 9 түрінен III қысқы универсиадасы болып өтті.

Ректораттың қолдауымен БҚМУ құрама командасы спорттың 5 түрінен қатысқан еді. Команда қоржынына барлығы 517 ұпай әкеліп, әзірше 23 жоғары оқу орындарының арасында 6 орында келеді.

Ә Шағын футболдан өткен сайыста 15 командадан арасында 10 орынға табан тіреді.

Пауэрлифтинг жарысы бойынша тамаша өнер көрсеткен біздің студенттер 9 командадан 5 орынға ие болды. Дене тәрбиесі бөлімінің I курс студенттері 70,5кг. салмақ дәрежесі бойынша **Бородкин Геннадий** – I орын, 56кг. салмақ дәрежесі бойынша **Немторев Александр** – II орынды місе тұтты.

Қысқы президенттік көпсайыс нәтижесінде 7 команданың 6 орынынан көрінді.

Армрестлинг сайысы бойынша барлығы 15 команданың ішінен 8 орын тұғырынан көріне білді. 60кг. салмақ дәрежесі бойынша **Жамбыл Алғадай** – II орынға ие болды.

Ә Волейболдан ерлер арасында өткен қала чемпионатының I туры болды. Қатысқан 20 команданың ішінен қырағалық пен еттіліктерінің нәтижесінде тамаша ойын көрсеткен БҚМУ құрама командасы III орынға қол жеткізді. Команда бапкері В.Н.Бижжанов

Ә Жуырда БҚМУ Спорт сарайында шахматтан университет спартакиадасы болып өткен еді. Шахматта шеберлік танытып, жеңіске жеткен командалар анықталып, арнайы дипломдармен марапатталған болатын. Сайыс нәтижесі төмендегідей:

Экономика және басқару институты – I орын  
Филология факультеті – II орын  
Жаратылыстану және математика факультеті – III орын.

Экономика және басқару институтынан Алтынбек Жайдар, жаратылыстану және математика факультетінен Досқалиев Нұрбол және тарих және құқық факультетінен Шамарова Альбина үздік ойыншылар деп анықталды.

Ә Университет доценті, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, күрес өнерінің дамуына үлкен үлес қосқан белгілі бапкер Исмағұлов Қамеш Исмағұлұлының 70 жас мерейтойына орай дзюдо күресінен Батыс Қазақстан облыстық чемпионаты болып өтті. Спорт сарайдың боз кілемінде дзюдо күресін шебер менгерген 23 жасқа дейінгі қыздар мен жігіттер тартымды ойын көрсетті. Тамаша белдесуде ұлдар мен қыздар мынадай нәтижеге қол жеткізді.

Ұлдар арасында: 60кг салмақ дәрежесімен А.Сұпығалиев – I орын, 66кг салмақ дәрежесімен Қ.Дингуатов – II орын, 66кг салмақ дәрежесімен Қ. Утепов – III орын, 73кг салмақ дәрежесімен С. Қабасов – II орын, 81кг салмақ дәрежесімен Е. Мұсағалиев – I орын, 81кг салмақ дәрежесімен Қ. Раймов – II орын, 90кг салмақ дәрежесімен Д. Шалтаев – III орын.

Қыздар арасында: 57кг салмақ дәрежесімен А. Орынғалиева – I орын, 63кг салмақ дәрежесімен А. Сүлейменова – I орын, 63кг салмақ дәрежесімен В. Махметова – III орын, 70кг салмақ дәрежесімен М. Сушицкая – I орын, 78кг салмақ дәрежесімен Г. Юсунова – I орын.



**БҚМУ «Ақ Жайық» спорт клубы**



**Бақ берекем, құтп мерекем, өз-Наурыз!!!**

*Наурызды тәңір бізге иесін еткен,  
Мейірін тынысын деп тасып өткен.  
Наурыз - ең-салтанат, қалтыс рух,  
Бақытты Наурызды бар халқымыз иеткен!*

Наурыз - ежелгі мәдениетті, дамыған елдің бірі парсының «нау» – жаңа, «руз» – күн, яғни «жаңа күн» деген сөзінен шыққаны көпке бұрыннан-ақ белгілі. Бұл қазіргі күн есебі бойынша наурыздың 22-ші жұлдызына сәйкес келеді. Қазақ халқы да бұл күнді жаңа жыл, ырыс-береке, мереке, жыл басы деп есептейді.

Наурыз шығыс елдері үшін – бірліктің, татулықтың, еңбектің, көктемнің, ізгіліктің, бақыттың мерекесі ретінде тойланған. Бұл күні тілек тілеу, құттықтау, кешірім жасау, табысу сияқты адамгершілік қасиеттер көрініс тауып, кейінгі ұрпақтар сондай жақсы өнегеден үлгі алған.

Наурыздың айрықша тәлім-тәрбиелік, үлгі-өнегелік, сән-салтанаттылық, мәрт-жомарттық, қадір-қасиеттілік нышан белгілері мен таным-ұғымдарының үлгі-түрлері өте көп. Оның бәрі әр адамды жоғары саналылыққа, әдептілікке, өнегелікке, бауырмалдылыққа, көрегенділікке, ізеттілік пен білімділікке баурайды. Наурызды әр халықтың асыға күтетіні де осыдан болса керек.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің профессор-оқытушылар ұжымы мен студент-жастар қауымы да Ұлыстың Ұлы күні - Наурыз мейрамын асыға күтті.

Мерекелік кеш «Театрлік-хореографиялық өнер және кітапханатану» кафедрасының оқытушысы Гүлназ Нигметованың «Қазақы дәстүрлер» әнімен ашылды. Кеш басында университет ректоры Тұяқбай Зейітұлы Рысбеков барша жиналған қауымды Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мейрамымен құттықтап, жылы лебіздерін білдірді. Кеште университетіміздің күміс көмей әншілері Гүлжайна Гумарова, Юлия Джалетова, Альбина Наурызалиева, Гүлнұр Гумаровалар мен мың бұралған бишілер «Арна», «Қыз Жібек» би ансамблі өнер көрсетті.

Өткен жылдармен салыстырғанда биылғы Наурыз мерекесі өзінің жаңашылдығымен ерекшеленді. Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесі қарсаңында университеттің барлық құрылымдарына арналған қазақ халқының салт-дәстүрін жаңғырту, Наурыз мерекесінің ұлттық ерекшеліктерін насихаттау және ұлтаралық татулық пен бірлікті нығайту мақсатында «Наурыз тойының Үздік елі» атты конкурс жарияланған болатын. Конкурстық «Махамбет елі» атауымен университет әкімшілігі, «Абай елі» атауымен филология факультеті, «Шоқан елі» атауымен жаратылыстану және математикалық факультеті, «Төле би елі» атауымен экономика және басқару институты, «Құрманғазы елі» атауымен мәдениет және өнер институты, «Алаш елі» атауымен тарих және құқық факультеті, «Ыбырай елі» атауымен педагогикалық факультеті, «Жамбыл елі» атауымен БҚМУ колледжі қатысты. Байқаудың шарты бойынша әр ел есімдеріне сәйкес безендірілуі тиіс, Наурыз дастарханы дайындалып, әр ел қазақ халқына тән өнерін көрсетуі қажет болатын. Қазылар алқасының ұйғарымымен «Наурыз тойының Үздік елі» конкурсының қорытындысы бойынша жүлделі I орынға «Махамбет елі» (университет әкімшілігі), II орынға «Абай елі» (филология факультеті), III орынға «Құрманғазы елі» (мәдениет және өнер институты) ие болды. Барлық жеңімпаздар арнайы дипломдар мен университет ректорының және кәсіподақ ұжымының атынан ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Концерттік бағдарламадан кейін алаңға жиналғандар мерекелік дастарханан дәм татып, жайдары көңіл-күймен тарқасты.

**СРАЛИЕВА Мейрамгүл.**





# БІЛІМ ТҮНҒИЫҒЫНА ЖОЛ АШЫҚ



Наурыздың он екінші жұлдызында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің конференция залында халықаралық ынтымақтастықты нығайту мақсатымен Түркияның ЖОО-мен келісім-шартқа отыру жөнінде салтанатты жиын болып өтті. Бұл жиынның басты қонағы Түркия Республикасы Туризм қауымдастығының төрағасы, Ғази университетінің өкілі, профессор Бурхан Шенер мырза болды. Кешке университет басшыларымен қатар, «Туризм», «Халықаралық қатынастар» және «Шет тілдері» бөлімінің студенттері қатысты.

БҚМУ-дың бірінші проректоры А.С.Тасмағанбетов келген қонақтарды таныстырып, кештің мақсатын айқындап, Түркия университеті тарихына қысқаша тоқталып өтті.

Ғази университеті 1926 жылы атақты тұлға Мұстафа Кемаль Ататюрктың қатысуымен құрылып, 1982 жылы мемлекеттік университет дәрежесін алған. Бүгінде 9 арнайы колледж, 5 институт, 35 ғылыми орталық және 14 факультеттен құралған университетте 60 мыңға жуық студент білім алууда.

Осы университеттің өкілі, профессор Бурхан Шенер Ғази университеті Түркиядағы білімі мен тәжірибесі жағынан беделге ие университет екендігін, оқу орнында соның ішінде туризм факультеті алғашқы рет 1956 жылы ашылғанын, күні бүгінге дейін талай туристтерді дайындаған факультет жетістігіне тоқталып, айтып өтті.

Бурхан Шенер Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде білім алған және осы оқу орнында 2001-2005 жылдары кафедра меңгерушісі қызметін атқарған. Қазақстан мен Түркия арасындағы мәдени байланыстар үшін сіңірген еңбегі зор екенін де атап өткен жөн. Серіктестік құрудың негізгі бағыты – жоба бойынша іс-тәжірибеден өту, білімді ұдайы жетілдіріп отыру, екі елдің студенттері мен оқытушылары арасындағы байланысты күшейту болып табылады. Осындай мақсатты кездесуде университеттер арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту туралы мәселелер талқыланды. Халықаралық қатынас, туризм мамандығы бойынша білім алып жатқан 1,2,3 курс студенттерін жаз мезгілінде Түркия елінде іс-тәжірибеден өтуге қабылдайтынын айтып, олардың тілді меңгеру қабілеті, білімі, мәдениеті ескерілетінін сөз қылды. Профессор Бурхан мырза тәжірибеден өткізілетін студенттердің тұрақты жерімен, тегін тамақпен қамтамасыз етілетіндігін айтты.

Жиын соңында Түркияның Анкара қаласындағы Ғази және Окан университеттері мен М.Өтемісов атындағы БҚМУ арасындағы келісім-шартқа ресми түрде қол қойылды.

Бұдан кейін Бурхан Шенер екі күн бойы Түркияға баруға қызығушылық танытқан студенттерді қабылдап, олармен жеке-жеке сөйлесті. Университетіміздің «Туризм», «Халықаралық қатынастар» және «Шет тілдері» бөлімдерінің 20-дан астам студенті іс-тәжірибеден өтуге құлшыныс танытып, қажетті құжаттарын тапсырды.

Студенттеріміздің, болашақ мамандарымыздың болашағы үшін атқарылып жатырған осындай игі шаралар әлі де жалғасын табатынына сенеміз.

С.А.БЕККУЖИЕВА

## АЖАЛАР мен АРУЛАР мерекесі

Нәзіктік атаулының жиынтығы – ананың алақаны, сондықтан да ол – сәби үшін ең жылы ұя.

Жыл сайын университетіміздің ерлер қауымы 8-наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай асыл жанды арулар мен аналарды мейрамымен құттықтау мақсатында кеш ұйымдастырады. Бұл дәстүр биыл да өз жалғасын тауып, 6-наурыз күні «Анаға сый» атты мерекелік концерт ұйымдастырып, өткізген болатын. Мерекеге орай университет ректоры, академик Рысбеков Тұяқбай Зейітұлы сөз сөйлеп, барлық әйелдер қауымын мейрамдарымен құттықтады.

Кеште Қуаныш Қисметов, Абзал Биранов, Думан Байтілеуов, Мейірбек Қаберов, «Дарын» квартеті, «Ұлы Қазақ» КТК құрама командасы өнерлерін көрсетсе, Талғат Мықы арнау оқып, мерекелік кешке жиналғандардың барлығын өз өнерімен тағы бір мәрте тәнті етті. Сонымен қоса, жаратылыстану-математикалық факультетінің деканы Жасқайыр Мұқанғалиұлы Қарағойшин мен «Химия» мамандығының 1 курс студенті Ершат Ғайсағалиев дуэт орындаса, педагогикалық факультет деканы Төлеген Әміржанұлы Ботағариев өзінің әншілік қырын ашып, әйелдер қауымына тосын сый жасады. «Өндірістік дизайн» мамандығының студенттері «Жыл мезгілдері» тақырыбындағы шығармашылық жұмыстары бойынша өздері дайындаған сән үлгісін көрсетті (жетекшісі: Б.Ф.Давлетова).



Халықаралық арулар мерекесі қарсаңында ректор Тұяқбай Зейітұлы жас ұрпақты білім нәрімен сусындатып, аянбай еңбек етіп жүрген бірқатар ұстаздарды марапаттады. Ендеше, зор жетістіктерге қол жеткізген ұстаз-аналар мен аруларды шын жүректен құттықтаймыз. Еңбектеріңіз әрдайым бағаланып, биік шыңдардан көріне берулеріңізге тілектеспіз.

М.СПАЛИЕВА

# Бәріміз де ТУБЕРКУЛЕЗ туралы білуіміз керек!

2009 жылдың 15 желтоқсанындағы Денсаулық сақтау министрлігінің «Салауатты өмір салты» бағдарламасын жүзеге асыру бағыты бойынша іс-шаралар өткізу туралы» бұйрығына сәйкес М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде бұл бағыт бойынша бірқатар іс-шаралар кешені ұйымдастырылып, өткізіліп келеді.

2010 жылдың 3 наурыз күні университетте облыстық туберкулезге қарсы диспансермен бірлесіп отырып студенттерге арналып, дәріс оқылды. Орталық мамандары студенттерді туберкулез сынды жұқпалы аурудың шығу тарихымен, жұғу жолдарымен, оның алдын алу шаралары жайында кеңінен ақпарат беріп, студенттердің қойған сауалдарына жауап берді. Әлемде ең көп тараған жұқпалы аурулардың бірі – туберкулездің адам өмірі үшін өте қауіпті екендігін жадымыздан шығармауымыз керек. Сондықтан да денсаулық сақтау, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатындағы шаралардың өтуі аса қажет.

**Туберкулез** - әлемде ең көп тараған жұқпалы аурулардың бірі, ол тегіне де, жасына да қарамай көптеген адамдарды зақымдауда. Жыл сайын әлемде 8-10 миллион адам туберкулезбен ауырып, оның 3 миллионы туберкулезден көз жұмады. Біздің облысымызда туберкулезбен жыл сайын екі мыңдай адам тіркеледі, оның ішінде 14 жасқа дейінгі балалар 200-ге жуық, эпидемиологиялық қолайсыз жағдай Ақсу, Алақөл, Балқаш, Қаратал, Сарқан аудандары мен Талдықорған қаласында орын алууда. Аурудың негізгі таратушы көзі - туберкулездің ашық түрімен ауыратын науқас. Бұл ауруды қабылдауға балалар, жасөспірімдер, жүкті әйелдер және ішімдік ішетін, шылым шегетін адамдар бейім болады. Егер әрбір адам туберкулез туралы жетік білсе және бұл тұрғыда өзінің білімін күнделікті өмірде қолданса, ағалымыш дерттің өршуіне және таралуына тосқауыл қоюға болады.

**Туберкулез** – адам ағзасына туберкулез таяқшаларының енуінен пайда болатын инфекциялы жұқпалы ауру. Туберкулезге тыныс ағзасы - өкпе жиі шалдығады. Сондай-ақ сирек те болса туберкулезге ми, ми қабықшасы, сүйек, буын, лимфа бездері, бүйрек, жыныс ағзалары, көз, ішек және басқа да ағзалар мен мүшелер шалдығады. Туберкулезбен ауырғандардың 75% (20 – 40 жас) аралығындағы еңбекке жарамды және балалы болатын жастағылар. Бұл ауру - әлеуметтік дерт болып саналады, көбінесе тұрмыс жағдайы нашар, дұрыс тағамданбайтын, ішімдікке салынған адамдар жиі ауырады.

### Туберкулез қалай жұғады?

Бүгінде туберкулезбен ауырғандардың 50% кешігіп анықталуда, ал олардың 10% - ауруын өте ақындырып алғандар, арасында ауруы жазылмайтын түрге өтіп кеткендері де кездеседі. Туберкулез қоздырғышы осындай науқас адамдар сөйлегенде, жөтелгенде, түшкіргенде және гигиена құралдары, ыдыс арқылы беріледі. Егер науқас адам жерге не еденге түкірсе, ол кеуіп шаңға араласып ауа арқылы адамдарға жұғады. Сонымен бірге өкпе туберкулезіне шалдыққан науқас адам жөтелгенде туберкулез таяқшалары бөлінеді де, аурудың айналасында 1,5 - 2 метр биіктікте 1,5 - 2 сағаттай қалқып тұрады, демек сау адамдар ауруды осылай ауа арқылы жұқтырады. Күннің көзі жоқ табиғи жағдайда, көше шаңында 2 аптаға дейін, кітап беттерінде - 3 ай, үй жағдайында қақырықта 4 ай, сүт тағамдарында 1-1,5 жылға дейін өміршеңдігі сақталады. Тіке түскен күн сәулесі туберкулез таяқшаларын 5 минут ішінде жояды. Туберкулез ауыратын малдардан да жұғуы мүмкін.

### Туберкулездің алдын алу шаралары.

- Бала туғаннан кейін міндетті түрде БЦЖ екіпесін алу қажет және 6-7, 11-12 жаста қайта егілу керек;

- Балаларда сырқатты Манту реакциясы арқылы тексеру жүргізу барысында анықтауға болады, оң нәтиже берген балалардың денсаулығына атанасы мұқият болу керек, уақытында физиаТР дәрігеріне қаратып, тағайындалған емді үзбей алу керек;

- Адамдар жылына бір рет флюорографиялық тексеруден өтуі керек;

- Салауатты өмір салтын ұстану, тиімді тамақтану (керекті мөлшерде тамаққа ет, сүт тағамдарын, балық, дәмді-дақыл өнімдерін, көкөністер мен жемістерді пайдалану), дене шынықтыру белсенділігін арттыру, уақытында тынығу, қоршаған орта тазалығын сақтау, темекі шегуден, ішімдік ішуден, есірткі қолданудан бас тарту;



**«Егер аурудың қауіптілігін өлім-жітімнің санына қарап айқындасақ, онда туберкулез өң қауіпті жұқпалы дертті обаның «бұшақ» түрі мен азиялық тырысқақ сияқты індетмерді шаң қақтырып кемедей»**

Роберт Кокс

- Жеке гигиенаның ережелерін сақтау (қолды жуу, химиялық тазартқыштарды қолдана отырып, ыдысты таза ұстау), тұрғын бөлмелердің ауасын үнемі тазартып, еденді дымқыл шүберекпен сүртіп отыру;

- Үйде туберкулезбен ауырған адам анықталса, ол отбасында қарым-қатынастағы адамдар тез арада туберкулезге тексерілу керек, ошақтағы балаларды ыңғайлы келсе балабақшаға, шипажайға оқшаулау қажет. Науқасты үйдің күн түсетін бөлмесіне орналастырып, жеке ыдыс, орамал, көрпешастық беріп, жиі-жиі көрпешастықты күн көзіне жаю керек. Науқаспен бірге бір бөлмеде балалар, жасөспірімдер болмау керек.

- Өрбір адам жеке бас гигиеналық құралдарын пайдалануы керек.

### Туберкулездің анағұрлым кең тараған белгілері:

\* Ұдайы жөтел болады, ертеңгісін ұйқыдан тұрған кезде жөтел қатты қинайды;  
\* Түстен кейін аздап ыстық көтеріледі және түнде терлеп қалады;  
\* Кеуде немесе белдің жоғары бөлігі ауыруы мүмкін;  
\* Ауру адам біртіндеп салмағын жоғалтады және әлсіздігі күшейе түседі.

### Аурудың келесі сатысы:

\* Жөтеліп, қан түкіреді (әдетте аздап, бірақ қанның көп кететіні де болады);  
\* Тері бозарып, босап қалады. Терісі қара немесе сарғыша адамдардың терісі, әсіресе беті ақшыл тартады;  
\* Дауысы қырылдап шығады (өте кәтерілі).

**Жас балаларда жөтел көйнінен басталады. Бірақ мына белгілерге назар аударыңыз:**

- \* Ұдайы салмағын жоғалту;
- \* Жиі ыстығы көтерілу;
- \* Тері түсінің бозаруы;
- \* Мойында (лимфа бездері) немесе іште бітеу жара (ісік) пайда болады.

Туберкулез әдетте өкпені зақымдайды, бірақ ол дененің кез келген жерінде болуы мүмкін. Жас балаларда ол менингитке ұласуы мүмкін. Тері туберкулезі де болады.

Егер туберкулезбен ауырып қалған шығармын деп сезіктенсеңіз, жедел дәрігерге көрініңіз. Туберкулездің алғашқы белгісі білінісімен теріге, қақырыққа немесе түкірікке анализ жасатып, рентгенге түсу үшін емханаға барыңыз.

Көптеген елдерде туберкулезге қарсы дәрілер тегін беріледі. Бұл жөнінде жақын маңдағы сауықтыру мекемесінен сұрап біліп алыңыз.

Дәрігерлер осы дертке шалдыққан адамды дәрілердің нұсқауын қатаң сақтай отырып, толық сауыққанға көз жеткізгенінше қадағалайды. Науқас өзін жақсы сезіне бастағаннан дәріні қабылдауды тоқтата салуға болмайды. Туберкулезден толық жазылу үшін 6 айдан бір жылға дейін және одан да көп уақыт керек.

Мүмкіндігінше құрамында қуат беретін витаминдер мен протеин мол тағам түрлерін көбірек ішу қажет.

Аурудан айығуда демалыстың да үлкен маңызы бар. Мүмкіндігінше жұмыс істемейсіз және қашан өзіңіз оңалып, тәуір болғанша ештеңеге көңіл бөлмеңіз, жаныңызды жабырқатпаңыз.

Оңала бастағаннан кейін қатты шаршамауға және тым іштей шырқылауға тырысыңыз.

Өрқашанда уақытыңыздың көбін демалыс пен ұйқыға бөліңіз.

Туберкулез - өте жұқпалы! Туберкулезбен ауыратын адамдармен бірге тұратын, әсіресе балалар, бұл ауруды тез жұқтырады.

### Егер сіздің үйіңізде біреу туберкулезбен ауырса:

\* Отбасы мүшелерінің бәрі туберкулинге анализ тапсыратын болсын.  
\* Балаларды туберкулезге қарсы прививкамен вакцина жасатқызыңыз.

\* Отбасы мүшелерінің бәрі, әсіресе балалар жақсы тамақтануға тиіс.

\* Туберкулезбен ауыратын адам ауырып жүрген кезінде балалардан бөлек, мүмкіндігінше жеке бөлмеде ұйқытап, жеке бөлмеде тамақтануға тиіс.

\* Одан аузын жауып жөтелуін және еденге түкірмеуін өтініңіз.  
\* Отбасы мүшелерінің бәрінің салмағындағы өзгерістерді және туберкулездің басқа да белгілерін қадағалап отырыңыз. Жұғу қаупі жойылғанша ай сайын барлық отбасы мүшелерін, әсіресе балаларды өлшеп тұрған жөн. Туберкулез отбасы мүшелерінде өте жай және кенеттен басталады. Аурудың белгісі сәл білінісімен жедел тексертіп, бірден емдеуді бастаңыз.

**Есте сақтаңыздар! Туберкулез - емделетін ауру, емдеудің толық курсың уақытымен алса, бұл дерттен құлан таза айығуға болады.**

**Қазақстан Республикасында туберкулезге шалдыққан ауруларды тексеру және емдеу тегін.**





п Таныс болыңыздар!

«Таныс болыңыздар!» айдарының келесі көйпкөрі – филология факультетінің «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығының IV курс студенті Мусина Жаннат.



Мусина Жаннат Зарлыққызы Ақсай қаласының №2 жалпы орта білім беретін мектебін бітіріп, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің филология бөлімінің «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығы бойынша мемлекеттік грант негізінде оқуға қабылданды.

2009 жылдың шілдесінде Жаннат Польшаның Бялосток қаласында өткен 100- Дүниежүзілік Эсперантар Конгресіне қатысып келді. Американдық Кеңестің ұйымдастыруымен өткен Американдық бұрыштың жұмысына байланысты семидең...

Ез мамандығының хас шебері болып, еліміздің дамуына өз үлесін қосар, «Дүниеде көрейін деген өзгеріс өзің бол» деген қағиданы ұстанған қазақ қызына алдағы уақытта тек жетістіктер мен сәттілік тілейміз.

Туған жері, жылы, күні: 11 наурыз, 1989 жыл. БҚО, Қаратөбе ауданы, Мұңит ауылы
Жұлдызнамасы: балықтар
Үлгі тұтар адамы: әкесі
Сүйікті ісі: би билеу, кітап оқу, тоқыма жұмыстарымен айналысу
Сүйікті тағамы: жапон тағамы
Сүйікті өрмісі: Алтынай Жорабоева, Беубім Қорған, Colbie Calliat, Jason Mraz
Сүйікті тобы: «Орда» және «One republic» топтары
Сүйікті киносы: «Lord of Rings», «7 pounds», «Music&Lyrics», «Freedom Writers»
Сүйікті әктері: Keira Knightley, Orlando Bloom, Johny Depp, Meryl Streep.
Өмірлік ұстанымы: Дүниеде көрейін деген өзгеріс өзің бол!

Қазақ Халықаралық қатынастар және әлем тілдерінің университетінде шет тілі пәнінен өткен республикалық олимпиадаға қатысып, белсенділігімен және алғырлығымен көзге түскен Жаннат Алғыс хатпен марапатталды.



Сәттілік тілейміз.
СРАЛИЕВА Мейрамгүл

п Түлектермен байланыс

Жандос Шолақов: «Бос уақыт жоқ, босқа кеткен уақыт бар!»

Мен Шолақов Жандос Өтемісұлы М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың 2005 жылғы түлегі боламын. Қазіргі уақытта Түрік Республикасындағы Стамбұл университетінде (Стамбұл қаласы) мемлекеттік басқару мамандығы бойынша магистратурада оқып білім алудамын.

Стамбұл университетінің негізі 1453 жылы қаланған. 557 жылдық тарихы бар университеттің материалдық базасы бай, өзіндік білім беру дәстүрі қалыптасқан іргелі оқу орны деп санаймын.

Оқуға келген уақыт пен қазіргі уақытымның арасында айырмашалық бар. Оның үстіне жат жерде оқығасын сол елдің салт-дәстүрін, мәдениетін бойыңа сіңіре бастайсың. Түрік халқы мен қазақ халқы туыстас, бауырлас болғандықтан, тілімізде, дініміз бен ділімізде (менталитет) көптеген ұқсастықтар бар. Және осы елді, осы университетті таңдағаным үшін еш өкінбеймін, қайта қуанамын. Түрік халқы бізді өз бауырларындай қабылдады, сол себепті де көп қиындықтар бола қойған жоқ десем де болады.



Түркия Еуропаға жақын болғандықтан, түрік жастарында батысқа еліктеу басым. Оны сөйлеу мәнері, киім киісі мен жүріс-тұрысынан аңғаруға болады. Жалпы, түрік жастары біздің жастардан артық немесе кем деп айта алмаймын. Бәрі бірдей секілді.

Ал Түркиядағы оқытушылардың басым көпшілігі Америка мен Еуропаның оқу орындарында білім алып, батыстық білім беру жүйесін меңгерген. Маған ұнаған бір жайт, оқытушылар студенттерге тек білім беріп қана қоймай, олардың алған білімдерін келешекте жұмыс барысында, өмірде пайдалануына аса мән береді.

Түркияға оқуға түсуге кеңес берген әрі септігін тигізген университет проректоры Т.М.Дәрішеваға және менің лицейдегі әрі университеттегі сүйікті ұстаздарым Ж.Ж.Жақсығалиев пен А.С.Байболсыноваға дән ризашылығымды білдіріп, шексіз алғыс айтамын.

Сүйікті университетімнің студент-жастарына айтарым: университет жасап отырған бар мүмкіндікті пайдаланып, көп оқып, терең білім алу қажет.

Бос уақыт болмайды, босқа кеткен уақыт болады. Бізге берілген ең қымбат нәрсе - уақыт, сондықтан да оны тиімді пайдалана білу керек екенін ұғындым.

Ұстаздарыма және «Өркен» газетінің ұжымына бауырлас Түрік елінен жалынды сәлем жолдаймын! Осы сәтті пайдалана отырып, сіздерге мықты денсаулық, еңбектеріңізге шығармашылық табыстар тілеймін!

п Кездесу

ОТАН ҮШІН ОТ КЕШКЕН!



М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ұстаздар мен оқытушылар ұжымы, студенттер қауымы қашан да тарихқа тағзым жасап, батырларымыз бен қаһарман ерлеріміздің ерліктерін дәріптеп келеді. Жуырда университетіміздің орталық мұражайында Ұлы Отан соғысының 65 жылдығына арналған «Елімің

Жағымды жаңалық
Жақында Орал қаласында «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен өткен VII Халықаралық олимпиаданың қорытындысы бойынша Нұрбақыт Данаға (Қытай) және Бекеева Анараға (Ресей) М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Білім Гранты берілді.

Көкшетау қаласында ЖОО студенттері арасында өткен республикалық олимпиадаға университет жастары да қатынасқан болатын. Математика пәні бойынша өткен олимпиада қорытындысында жеке кей сынақта Б.Кабасов I орынды иеленді. Ал жалпы командалық есепте 04201 топ студенті Б.Кабасов және 04102 топ студенті Е.Ступльникова II орын тұғырынан көрінді.

Туризм және спорт қазақ академиясында наурыздың 16-17-сінде «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының студенттері арасында «Спорт және дене тәрбиесінің оқыту әдістемесі мен теориясы» пәні бойынша II республикалық студенттік олимпиада өткізілді. Құрамында К.Буштер (5401 топ), А.Мергенбаева (5401 топ), А.Лұқпанов (5402 топ), Б.Катешев (5402 топ), Н.Брманова (5302 топ), А.Бисенова (5301 топ) сынды студенттері бар М.Өтемісов атындағы БҚМУ командасы жалпы командалық есепте III орынға қол жеткізді. (Топ жетекшісі: п.ғ.к., доцент Испулова Р.Н.). Барлық қатысушылар сертификатқа ие болып, 4 курс студенті К.Буштер жеке кей сында III орын алды.

Наурыздың 19-20 күндері Е.А.Бекетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде ҚР ЖОО арасында II республикалық олимпиада болып өтті. Сайыс Ұлы Отан соғысы жеңісінің 65 жылдығына және Б.Момышұлының 100 жылдығына орай «Бастапқы әскери дайындық» мамандығының студенттері арасында өткізілді. Жалпы командалық есеп бойынша III орынға лайық деп танылған М.Өтемісов атындағы БҚМУ командасының құрамында А.А.Бигельдиев (5403 топ), А.В.Гутарев (5403 топ), А.И.Сарбалин (5303 топ) болды. Топ жетекшісі: аға оқытушы, подполковник В.В.Бобер.

Атыс дайындығының жоғары нормативін көрсеткені үшін жеке кей сында 3 курс студенті А.И.Сарбалин I орынға қол жеткізді.

Бұл жеңіс - бәсекеге қабілетті мамандарды дайындаудағы ұстаздар еңбегінің жемісі. Білім ордасының мерейін өсіріп, жеңіс туын жеміріреткен жастарға келешекте де әрдайым жеңіс тұғырынан көріне беріңдер демекші!

ерлік беттері, есімнен мәңгі кетпейді!» атты отты жылдардың ізін насихаттайтын рухани әңгімеге толы кездесу кеші болып өтті. Кеш қонағы Ұлы Отан соғысының ардагері, Ұлы Отан соғысының II дәрежелі ордені, «За отвагу», «Сталинград», «За Победу над Германией 1941-1945гг.» төсбелгілерінің, көптеген құрмет грамоталарының иегері Мұхтар Әжіғұлұлы тағылымға толы сұрапыл жылдардың естеліктерінен сыр шертті. Ерлігімен де, ісімен де үлгі бола алған Мұхтар ата өзі қатысқан шайқастардағы майдандас достарының ерліктерін баяндай отырып, Ұлы Отан соғысында Кеңес Одағының жеңіске жетуіне сол жылдарда елде қалған қарапайым халықтың да үлесі мол екенін атап айтты.

Осынау тағылымға толы кеш барысында «қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі Азамат Ыбырайұлы, профессор С.Шарабасов, проректор Т.М.Даришева сөз сөйлеп, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы батыр аталарымыздың өшпес ерліктерін насихаттап, келер ұрпақты өз Отанының патриоты болуға шақырды. Студенттер арасынан есем өн мен жырларын ардагер атаға арнаған Ә.Жаналиева, А.Тасқалиева, Г.Тасқалиева, М.Абдрахманова, Н.Маликовалар кештің шырайын келтірді. Сондай-ақ, қалалық №22 мектептің 3 сынып оқушысы Елжасов Ибрагим С.Мауленовтың «Соғыстан қайтқан солдаттар» өлеңін жатқа оқып берді. Жастардың құрметіне бөленген ардагер Мұхтар Әжіғұлұлы университет жастарына, шара ұйымдастырушыларына өз алғысын білдіріп, бата берді.

Елдана АБДРАХМАНОВА, 2 курс студенті

Ақ Жайықтың сөз мергендерінің жеңісі

Пікірталас - мәдени дүниетанымның, жалпы дамудың деңгейін, адамның ақыл-ой дәрежесін, тапқырлығы мен тыңдау мәдениетін, пікірталас ережелерін сақтау өдебін, интеллектуалдық және эмоциялық тұрғыдан ықпал ету қабілетін болжауға да мүмкіндік беретін интерактивті әдістің бірі.

Еліміздің оңтүстік астанасы Алматы қаласында жастарымыздың қазіргі кездегі рухани қажеттіліктерін ескере отырып, еліміздің дамуындағы маңызды кезеңде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Жастар ісі жөніндегі комитеті жылдағы қалыптасқан дәстүр бойынша және биылғы 2009-2010 оқу жылы Абай атындағы ҚазҰПУ-де «Тәрбие жылы» болып белгіленуіне орай «Ұлт дамуының басты келілі - ұлағатты тәрбие!» атты университет ректорының кубогына республикалық пікір-сайыс турнирі өткізілді. Сөзге шешен, жүйрік ойлы жастар жиналған сайысқа бағын сынауға «Президент жасасын және біз жасаймыз!» - Алматы, «Ділмар» - Ақтөбе, «СПК-2» - Семей, «Парасат» - Қостанай, «МжМ» - Түркістан, тағы басқа қалалардан барлығы 52 команда қатысты.

Ақжайық өңірінің 78 жылдық тарихы бар М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің намысын қорғауға «Тұлпар» фракциясы барып, олжалы оранды. Топ құрамында педагогикалық факультеттің бастаушы оқыту педагогикасы және әдістемесі мамандығының 4 курс студенті Н.Назарбаев атындағы атаулы шәкіртақы иегері Мұратова Мөлдір мен педагогика және психология мамандығының 3 курс сту-

Танысмаймыз!



Тарих ғылымдарының докторы, профессор Шынкәжірова Баян Жаббасқызы тазауда ҚР Білім және ғылыми министрлігінің ұйымдастыруымен болып өткен «2009 жылдың ЖОО-ның ең үздік оқытушысы» республикалық байқауының иемлекеттік грантын жеңіп алды.

Жылдың ең үздік оқытушысы Баян Жаббасқызын жемісті жетістігімен құбылтықтаймыз.

Ғылыми еңбек жаныңызға талай табыстар тілей отырып, келешекте де биік белестерді бағындыра беріңіз деген ізгі тілегімізді жолдаймыз.

М.Өтемісов атындағы ұжымы



денті Н.Назарбаев атындағы шәкіртақы иегері Жақсығалиева Альфия болды. Намысты қолдан бермеген пікірсайысшылар жүлделі 3 орынға ие болып, Жақсығалиева Альфия үздік спикер атанды. Жалпы қорытынды бойынша «МжМ» - Түркістан 1 орын, «Ділмар» - Ақтөбе 2 орын, «Тұлпар» - Орал және «Жаңғырық» - Шымкент жүлделі 3 орынмен марапатталды.

Осындай шаралар егеменді еліміздің көш бастар жастарының рухани жетілуіне, ойын ұштауда тигізер әсері мол болмақ.

Жүлдегер дарынды студенттерге, «Шаршы топта сөз бастау бәрінен қиын» демекші, еңселі оқу ордамызды алға жетелеуде, еліміз маған не береді демей, мен еліме не беремін,- деген мақсатпен биікке өрлей беріңдер деп тілек білдіреміз.

Мақпал АБДРАХМАНОВА, студент





# Ер Есімі - Ел есінде

Университетіміздің беделді оқытушысы, профессор Ж.С.Сырымның бастамасымен, жаратылыстану және математика факультетінің студенттік деканы Есеркепова Дилараның ұйымдастыруымен Ұлы Жеңістің 65 жылдығына орай есімі елге танымал педагог-ғалым, ұлағатты ұстаз, Ұлы Отан соғысының ардагері, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, тарих факультетінің 1950 жылғы түлегі Сүйіншалиев Қалам Жұмашұлы кураторлық сағатқа қонаққа шақырылып, кездесу өткізілді.

Бұл кездесуге университетіміздің тәрбие жұмысы және жастар саясаты жөніндегі проректоры Т.М.Даришева, мәдени-демалыс жұмысының жетекшісі М.Қ.Сүлейменов, жаратылыстану және математика факультетінің оқытушысы, профессор Ж.С.Сырым, жаратылыстану және математика факультетінің оқытушысы Д.М.Жарылғапова және физика мамандығының 1-3 курс студенттері қатысты. Кураторлық сағатта жауынгер ағамыздың соғыс жылдарындағы сұрапыл еңбегі, жазған туындылары мен әскери шеберлігі жөнінде біршама құлағдар болдық. Жасы 85-ке келсе де аттап басқан қадамына, әрбір айтқан сөзіне қарап, әлі де болса тепсе темір үзерлік күшжігерінің бойынан кете қоймағандығын байқатты. Шиір болудың мәні - жас кезде ауыр еңбекпен көп шұғылданғандықтың арқасы, сондықтан жастарға айтарым: спортпен көбірек шұғылданып, жасық емес пысық, ақылды тентек боп өсіңдер! Оқыңыз, білім алыңыз, елге адал еңбек етіңіз,- дейді өз әңгімесінде ардагер ата.

Кездесу барысында Қалам Жұмашұлы өзінің басынан өткен қиындықтары мен қызықты оқиғаларға толы әңгімелерін айтып, жастарға үлкен ой тастады. Студенттер де өз көкейлеріндегі сауалдарын қойып, толығырақ мәлімет алды. Тәлімі мол тәрбие сағатын ұйымдастырған Ж.С.Сырым ағай да өз пікірін айтып өтті.

Кездесу соңында проректор Т.М.Даришева кездесуден алатын әсеріміздің мол екендігін, себебі қонағымыздың әрбір сөзі жастар-



дың бойына Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілік, патриоттық сезім оятып, оларды рухтандыра түсетіндігін айтып өтті. Кеш соңында «Ана тілі аруы -2010» байқауының жеңімпазы, информатика мамандығының 1 курс студенті Оразалиева Бұлбұлдың орындауындағы өсем әні тыңдалды.

Еліміздің батырларын қастерлеп, есімдерін асқақтатып, жиырмасыншы ғасырдың ерен ерлері, біздің қаһармандарымыздың даңғы арта берсін дейміз! Егемен еліміздің ынтымағы нығайып, аспанымызды бұлт торламасын.

Бүгінгі кураторлық сағатымыздың мәнді де сәнді өтуіне атсалысқан студенттік деканатқа, 1-3 курс студенттеріне, шақырулы қонақтарға алғыс білдіре отырып, осындай ардагер аға-апаларымыз жасай берсін дегім келеді. Мұндай кездесулер алдағы уақытта да жиі ұйымдастырылып, өз жалғасын табатынына сенемін.

**Дария ЗУБАЙРОВА,**  
Математика және информатика бөлімінің студенті, 04103 топ басшысы

# Жастардың жаңа бастамасы

Талай талант төмамдаған қара шаңырақ дарынды жастардың талабын ашып келеді. «Бұлақ көрсен, көзін аш» демекші, жастарға қолдау көрсетіп, жас ұшқындарды даярлап жүрген университеттің мәдениет және өнер институтының «театрлік-хореографиялық өнер және кітапханатану» кафедрасы ұжымының да еңбегі зор. Жақында оқытушы М.Е.Сұлтанованың жетекшілік етуімен «режиссура» мамандығының 3 курс студенттері американдық Теннесси Уильямстың «Шыны хайуанат» драмасын студент-жастар назарына ұсынды.

1929 жылдары басталып, әлемге «Ұлы депрессия» деген атпен белгілі болған Америка экономикасының дағдарысы бейнеленген. Оқиға Американың үлкен қалаларының бірі Сент Луистің аудандарында молынан кездесетін ығы-жығы көп қабатты үйлердің бірінде Уингфилдтер пәтерінде болады. Өл-ауқаты шамалы адамдар тұратын бұл үйлер - америка қоғамындағы әлеуметтік тұрғыдан ең көп қиындық көріп отырған орташалардың тұрағы.

Сұрқай тіршіліктің қиындығына көне алмай, өткені көзден бұл-бұл ұшқан жастық шағын үнемі сағынышпен еске алатын Аманда Уингфилд (Р.Успанова) қиын күндердің алда екенін сезетіндей...

Балаларының, өзінің болашағын ойлап күйзелісті құмыр кешеді. Жағлыз ұлы, сүйеніші Том (Қ.Құттыбаев) үмітін ақтамайтынын сезген ана жанталаса қызының жағдайын жасауға тырысып бағады.

Қызы Лаураның (Ж.Қабдолла) жағдайы қиындау. Жас кезінде ауыр науқастанған қыздың бір аяғы екіншісінен қысқалау. Ол өзін мүгедекпін деп есептейді. Өзгелерден оқшаулана беруінің себебі де - осы. Өмірден шеткері, өзі ойлап тапқан «шыны хайуанаттар» әлемін таңдауы да сондықтан. Лаураның жаны өзінің шыны фигураларындай мөлдір, аса нәзік.

Лаура Уингфилд өз бөлмесінде шыны хайуанаттарының ортасында рахат күйге бөленіп, сыртқы ортамен алаңы болмайды. Қызының жағдайына қанық Аманда соңғы үміт жақсы күйеу бала табу деп шешіп, Томның жұмыстасы Джимді кешкі асқа шақыруды шешеді. Джим О Коннор (М. Хабибуллин) аса жұғымды жас жігіт Аmandаның көңілінен шыққанымен «басы байлаулы» екен. Өңші Джимге сырттай ғашық қыз көңілі бейтаныс танысатын жігіттің Джим екенін білгенде қобалжи бастайды. Танысу сәті үйлесім тапқанымен, қыз үміті су сепкендей басылады. Бетти атты қызбен атастырылғанын, оған ғашық



екенін айтады. Жайсыз хабар барлығын есеңгіретіп тастайды. Том қашып кетеді. Аманда тағы да барлық қиындықты арқалап жалғыз қалады. Қолдан келер қайран жоқ...

Қойылым басталғанда 1930 жылы Америка елінің әлеуметтік-саяси жағдайын суреттейтін слайд көрсетілді. Вивалдидің, Бетховеннің классикалық шығармалары және көптеген шетелдік композитор музыкалары қойылымның идеясын айшықтай түсті.

Көріністеі сабаққа кеттім деп, сабағына бармай, өзін де, анасын да алдап жүрген Лаураны, ал түздегі балаларынан бейхабар үйдегі ана Аmandаны да, жұмыстан кейін кеш келетін, ішімдік пен шылымды серік еткен Томды да, жан-жағын ойлай қоймайтын Джимді де бүгінгі өмірімізден көруге болады. Драмалық шығарманы қазіргі сахна көрерменіне сай дайындап, өңдеп, ықшамдап алуы, әр кейіпкер өз образын шынайы көрсете алуы – үлкен еңбекті қажет етеді. Адам бойынан зиянды қылықтарды азат етуді, шындықты, тазалықты ұялатуды мақсат еткен қойылым жастарға үлкен ой салды. Жастарға тәрбиелік мәні бар осындай тамаша қойылымдар сахнадан алдағы күндері де орын алады деп сенім арта отырып, шеберліктерімен кейіпкерлерді таныта білген жас әртістерге және қоюшы-режиссеры М.Е.Сұлтановаға ризашылығымызды білдіреміз.

**Г.ШЫНТЕМИРОВА**

## Жас ғалым

Бүгінгі «Жас ғалым» айдарының кейіпкері - жаратылыстану-математикалық факультетінің 3 курс студенті, «Жас ғалымдар Кеңесі» қоғамдық бірлестігінің белсенді мүшесі Сембаева Динара.

**- Динара, ең алдымен өзің жайлы қысқаша мәлімет беріп, туған жерің, бітірген алтын ұя мектебің жөнінде айтып өтсең?**

- Мен 1990 жылдың 10 қаңтарында Саратов қаласында дүниеге келдім. 1996 жылы бастауыш мектеп табалдырығын аттап, 2007 жылы Орал қаласының №26 жалпы білім беретін мектебін ойдағыдай аяқтап, 2007 жылы киелі қара шаңырақ М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті-

шылық өрлеудің биік шыңы болып табылады.

**- Ғылым жолында жеткен жетістіктерің жөнінде атап өтсең?**

- Университет табалдырығын аттаған сәттен бастап, ғылым жолына түскім келді. Ғылым жолында зор жетістіктерге қол жеткізген аға-апаларыма қарап, менің де сондай болғым келді. Сол себепті университет, қала, облыс көлемінде ұйымдастырылған ғылыми

*Мегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Оған басқа нәрсемен озым той демектің бәрі - ақылмақшылық.*

Абай



# ҒЫЛЫМНЫҢ ШЕГІ ЖОҚ

не оқуға түстім. Жаратылыстану-математикалық факультетінің «Экология» мамандығына ақылы негізде оқуға түсіп, кейін 2008 жылы КПО б.в. компаниясының Қазақстанның дарынды студенттеріне 2008-2009 оқу жылдарына арналған гранттық бағдарламасы бойынша грантын иелендім.

**- Ғылым жолына келуіңе, ғылыммен айналысуыңа не себеп болды?**

- Ғылым жолына келуіме, ғылыммен айналысуыма негізгі себеп болған - өз мамандығыма байланысты зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы, оның тереңіне бойлағым келді. Қазіргі таңда «Жас ғалымдар Кеңесі» қоғамдық бірлестігінің жұмысына белсенді қатысып келемін, алдағы уақытта ғылыми ізденіс жұмыстарымды кеңейтіп, республика көлемінде өз еңбектерімді танытқым келеді. Себебі, ғылыми ізденістер шығарма-

конференцияларға қатысуды алдыма мақсат етіп қойдым. Қазіргі таңға дейін ғылым жолындағы жетістіктерім аз емес, алайда бір орында тоқтап қалмай, әрі қарай жұмыстану қажет. 2009 жылы университетте өткізілген «Студент және ғылым: шығармашылығы мен келешегі» атты 67-ші ғылыми-тәжірибелік конференциясына баяндамды ұсынып, жүлделі III орынға ие болдым. 2009 жылдың 22 қазан күні Ішкі саясат басқармасы мен «Технопарк Алгоритм» ЖШС қолдауымен, «Жас ғалымдар кеңесі» ҚБ ұйымдастыруымен оқушылар, студенттер және жас ғалымдар арасында облыстық «Жас ғалым-2009» инновациялық жобалар конкурсы өткен болатын. Байқау қорытындысы бойынша жүлделі I орынмен марапатталдым. Алдағы күні «Студент және ғылым: шығармашылығы мен келе-

шегі» атты 68-ші ғылыми-тәжірибелік конференциясына дайындалып қатыспақпын.

**- Болашақтағы жоспарларың қандай?**

Болашақтағы жоспарларымының бірі - өзімнің зерттеу жұмыстарымды жүзеге асырып, өз университетімнің ғылыми деңгейін жоғары көтеруге ат салысу. Мен үшін ғылыммен айналысу – үлкен дарындылық. Болашақта өз білімімді жетілдіріп, заман талабына сай маман болып, еліміздің дамуына өз үлесімді қосып, жеткен жетістіктеріммен тоқталып қалмай, өз университетімнің мерейін асқақтатқым келеді.

**Ғылым жолы - қиын жол. Сондықтан да талай табыстар мен ғылыми ізденістер тілейміз.**

**СРАЛИЕВА Мейрамгүл**

## Проба пера



**Бакаушина Елена Владимировна, студентка 2 курса института экономики и управления ЗКГУ им.М.Утемисова. Закончила СШ №16 г.Уральска.**

**Достижения: 2006г. - I место в конкурсе творческих работ, посвященных 15-летию независимости РК;**

**2006г. - III место в областном конкурсе творческих работ «Процветание Астаны – Процветание Казахстана»;**

**2007г. - IV место в конкурсе «Жайық толқыны»;**  
**2007г. - гран при в городском конкурсе творческих работ «Будущее Казахстана» ко дню независимости РК.**

Сгорать дотла, не подавая виду,  
Молчать, скрывая правду, но не лгать.

Не плакать, а делиться тишиною,  
С тяжёлым небом синего свинца,  
Не быть повёрнутой к тебе спиною,  
А просто не показывать лица.

Не закрывая глаз, предаться ночи,  
И слушать шорох капель на стекле.  
Рука писать устала, нету мочи,  
И догорела лампа на столе.

Родные берега прохладой дышат.  
Грустит о прошлых днях седой Урал.  
Своей волной ленивою колышет,  
Он в жизни своей много повидал.

Когда ударят первые морозы,  
Здремлет он в плену холодных льдин.  
Ему приснятся наши смех и слёзы.  
Сюжеты прожитых давно...картин.

Он знает вкус побед и поражений,  
Людей великих лица, имена.

В зеркальной воде отраженье  
Я вижу небес голубых.  
Вокруг никакого движенья,  
Весь лес задремал и затих.

Капризы грядущего лета,  
Ещё предстоит испытать.  
И праздничным духом согрета  
Остывшая, водная гладь.

Не умереть, а значит стать сильнее,  
Не позабыть, а лишь не забывать,  
И быть в грозу немножечко смелее,  
И под раскаты грома танцевать.

Не отпустить, а подарить свободу,  
Не быть с тобой, а значит и ни с кем.  
И больше не дарить свою заботу,  
Тем, кто её не заслужил совсем.

Не помнить зла, но не прощать обиды,  
И не терпеть, а лишь учиться ждать.

Уж много лет хранят они забвенью  
В мелодии, напелтой на волнах.

Как много тайн хранят его вершины...  
Сейчас Урал, а в прошлом, был Яик.  
Бурлящий,  
Он несётся вниз с вершины!  
Непобедим,

Прекрасен  
И.....велик!!!!!!

Благодарю Тебя за то,  
Что я на свете есть.  
За истину благодарю,  
За правду, и за честь.

Благодарю за тьму ночи,  
И серебристый свет,  
За пламя гаснущей свечи  
И золотой рассвет.  
За танец листьев в тишине,  
И первые цветы,  
За сны, что в полночной мгле  
и силу красоты.

Благодарю и за любовь,  
И за невинность слёз,  
За грусть прочитанных стихов  
И свет грядущих грёз.

За сладость утренней росы,  
За веру в чудеса,  
За все счастливые часы.  
За эти небеса.

Сквозь толщу лет я повторю:  
Господь для всех един!  
За всё его благодарю!  
Да будет так!  
Амины!





# Фарица

*Жырларындағы әйел бейнесі және дәстүр ұласуы*

толқынды қоспай отырмын) әйел кейіпкерлері арамдызда жүр. Олар - мәңгілік дүние. Ескерте кетер жәйт - лирикалық поэзияда әйелдер әлемін тек қана әйел-ақындар ғана толық мәнінде жырлай алды деп үзілді-кесілді тұжырымдап, ал еркек кіндіктілерді даттасақ және дұрыс болмайды. Бұл жерде біздің айтпағымыз - бүгінгі лирикада ақ жаулықты ана мен қыз-келіншектер психологиясын сол әйел затының өкілі - Фарица ақынның қаншалықты және қалай жырлай алғандығы туралы ой түйіндеу.

Әйел-ананың ішкі сезім дүниесін ақын «менінің» лейтмотивіне айналдыру - суреткерлік шеберлік нәшімен болатұғын құбылыс, нақтырақ айтқанда, ақын талантының трибундық (шегендік-З.М.) таразысының тәсіл-амалын табиғи үрдіс пен тарихи дәстүрден іздеген жөн. Бұрыннан белгілі өміршеңдік өрнектерді жаңаша сипат беріп, жаңаша ойлау үрдісіне дейін көтере жеткізу - әу бастан бар дәстүр. Оңғарсынова лирикасындағы өзгешелік сол - ондағы әйелдер образы типтік дәрежеге дейін көтерілген бейне саналады. Ол - қыз, келіншек, әйтеуір, әйел заты мейлі, кәрі әже болсын, ана атты алыптың бар болмыс-бітімін тұлғалық тұрпатын танытуымен құнды. Нәзік жанды бейненің күллі құпиясын қопара көрсету арқылы әйел образын лирикада қаһармандық санатқа көтерудің бастауын біз Фаризадан анық байқаймыз. Әйел жанын, ана табиғатын ақын-әйелдің ой-діңгегі тұрғысынан таныту, қазақ әйелінің психологиялық ахуалын лирикада Фаризадай ашып айтқан ақын, сіра, да аз. Олай дейтініміз - өлең өлкесінде әйел жанын, оның бұлқыныс атқан сезім сырларын сарапқа салып, ақын «мені» мен лирикалық кейіпкер тұлғасы арасында біте қайнасақан көзге көрінбес көпір тұрғызған суреткер өте сирек. Ақын лирикасындағы әйел-ана бейнесінің болмыс-бітімі өзіндік өзгеше бір құдірет-қырымен, қадір-қасиетімен ерекшеленеді. Фаризаның көптеген өлеңдерінде, поэма мен циклдерінде әйел табиғатының жас ерекшеліктеріне сай ішкі сезім бұлқынысы (қыз қылығымен, ана ақылымен, әже парасатымен) күрескерлік тұлғасына дейін көтерілген. Өлеңдерінің дені әйел жамғатының жаратылысына арналған ақынның аталған тақырыптағы шығармашылық шырайы «Шілде» (Таңдамалы өлеңдер, Алматы, 1978) жинағына, «Сенің махаббатың», (Алматы, 1979, Әйелдер әлемі

Қазіргі қазақ лирикасында әйел-ана, қыз-келіншектер бейнесін психологиялық пайымтанымда тереңнен толғап, жүректен қозғап келе жатқан ақынның бірі - Фариза Оңғарсынова. Оның лирикасындағы қазақ әйелінің қадір-қасиеті, болмыс-бітімі ерекше назар аударды, терең үңіле зерттеуді аса қажет ететін құйылымы бөлек жыр-маржаны саналып та жүр. Ақын өлеңдеріне арқау болған аталмыш тақырып аясында Фаризаға тең әріптесті табу-сіре да қиын. Жаратылыс-жалғанның жасампаз жаны - әйел ананың өмірдегі өрісі, қоғамдағы рөлі мен орны қазіргі әдебиетте (оның ішінде прозада) барынша әдемі де терең жанжақты бейнеленгені мәлім, алайда, лирика жанрында қаншалықты көтерілді?! Бұл туралы сөз етсек, тағы да әйел ақындар шығармашылығына соқпай өте алмаймыз. Айталық, М.Хакімжанова, Т.Әбдірахманова, А.Бақтыгереева, К.Ахметова сынды ақын-әйелдердің (соңғы

жыр кітабында), қаламгердің қос қанатындай қос томдық «Таңдамалыда» (Алматы, 1987), «Қыз-ғұмыр» (Алматы, 1996) және «Мен саған ғашық емес ем» (Алматы, 1999) кітабында сырлы сипат табады.

Жұмыр жердің жарық шырағы - ананың, әйелдің жанашыры бола білген ақынның лирикалық кейіпкерлері әр қилы жастағы, алуан мінезді күнделікті өмірдің өтінде жүрген біздің замандастарымыз. Өткен тарихты терең біліп барлау, бағзы заманның құм астында қалған асылын іздеп тауып, жан бітіру де ақынның өнер өлкесіндегі ізденісінің бір қыры. Фариза әйелдері сертке берік, махаббатта тұрақты, нәзік жанды, сұлу келбетті, тәтті қылықты қыздар мен адамдық арды ойлаған, ата-баба жолынан қия басып өтпеген ардақты ана, ер мінезді, ақ кимешекті абзал әйелдер болып келеді. Ақын өзінің «Шілде» жинағының алғы сөзінде-ақ өлең өңіріндегі әйел тағдыры, әйел психологиясы деген сұрақтардың жауабын былайша бергенді: «...Адам деген күрделі жаратылыс қой. Оның ішінде әйел ақынның жан дүниесі - өз алдына бір әлем. Мен өз жырларымда сол әйел жанының сан күйін мүмкіндігім жеткенше жеткізім келеді. Менің бұл тақырыптағы лирикалық кейіпкерлерім - әйелдер; Олардың тағдыры, жан дүниесі, күлкісі мен көз жасы - өлеңдерімнің арқауы» дейді ақын.

Өлең өлкесінде әйел психологиясын жеке адам ретінде зерттей жырлауды және одан тағылым аларлық дәстүр жалғастығын кейінгі толқын Фаризадан үйренсе керек-ті.

Бүгінгі поэзияда өз үндерімен танылып қалған Б.Бекетова, Ш.Жұбатова, Г.Салықбаева, Г.Өмірзақова, Т.Оразбаева, Р.Қараева және басқа да ақын-қыздар шығармашылығында Фариза суреткерлігінің қолтаңбасы бары байқалады. Әйел жанының нәзік те терең қалтарысына үңіліп, өмір соқпағының көңіл сыздатар тұстарын, сондай-ақ шат-шадыман қуаныш мезеттерін өлең-сөзде мүлтіксіз шынайылықпен жеткізуде ақындар стилінде бір ізділік бедері, көзқарас бірлігінде жақын-туыстық жиі ұшырасады. Мәселен, Баянның:

Қопарылып жатса да тереңдерім,  
Мен сонда да тістеніп, жеңем дедім.  
Сен келгенде суықтау көрінгенмен,  
Есігімді қақса деп өлеңдедім - деген шу-

мағынан жүрекке жылы тиер жастық шақтың Фариза мәнеріндегі (стиль) бізге таныс әуен-үні естілсе, Гүлнардың:

Телефонға ұмтылсам - бұйырмасын,  
Мейлі, сенсіз өмірім қиындасын  
Сұп-суық боп сыртыңнан сынап өтем,  
Мен деп енді жүрегің жиі ұрмасын! - деген жолдары Фариза өлеңіндегі қолтаңбаны («Телефон шыр етеді», «Телефоны құрғырың») еске түсіреді. Осы сияқты Розаның:

Әр тайып енді бар маңнан,  
Қалыпты бақ та мызғаймай.  
Тілекші, ізгі арманнан,  
Адасып қалдық біз қалай?! - деп келетін сырлы жолдарынан да Фариза ақынның өнерден ізбасар сіңлілері бар екенін байқаймыз. «Шәкіртсіз ұстаз - тұл» демекші, өнер айдынында қанаттас келе жатқан қаламдас қарлығаштарға өнегелік сөзін айтуды ақын абзал бұрыш санайды. Әрдайым жас ақындардың шығармашылық жолына назар аударып, сәт сапар тілеп, ақ батасын беруден жалықпаған ұстаз ұлағаты нәзік жанды халықтың (әйел затына байланысты) поэзиясына үнемі зер салып, пікір білдіріп отырады. Мысалы, Б.Бекетованың өлеңдер кітабына жазылған алғы сөзде: «Өлең - дерт. Өлеңнің киесі қыз балаға, әйел затына қонса, ол дерттің азабы жараға тұз құйғандай ащырақ ... Осы кейбір қыздар өлең жазса, ылғи жылап-сықтап, аспан астындағы бүкіл азап пен тауқыметті солар арқалап жүргендей әсер етіп, әбден сілеңді қатырады, - деушілер де табылар. Поэзияға, жалпы өнерге өмірдің тек күлкісі мен рақатын емес, көз жасы мен қасіретін көретін көз берілген. Сондықтан да ол - поэзия деген екен. Демек, ақын ой-тұжырымының түйіні бірдің емес, көпке қаратыла айтылған пікір-тілекпен ұштасып жатқанын да аңғарып, абайлаймыз.

Автордың өзі атап айтқандай әйел жанының күллі күйі тіршілігі ұзақ жылдар бойына Фариза ақындығының басты арқауы болып келе жатыр. Әйел халқының еңбектеген баладан еңкейген қариясына дейінгі образын лирикада кесек те тұлғалы қаһарман дәрежесіне көтерген ақынның суреткерлік сарабал қуатының өзі осы нәзік жандылардың бейнесін сомдауымен ерекшеленеді.

**Зейнолла МУТИБЕВ,**  
М.Өтемисов атындағы БҚМУ  
доценті, ф.ғ.к.

## 75 известному казахскому поэту, народному писателю Казахстана, нашему земляку Кадыру Мырза Али

Великий поэт и прозаик Приуралья 5 января отпраздновал 75-летие. В связи с этим на филологическом отделении совместно с библиотекарем читального зала для магистрантов, аспирантов и профессорско-преподавательского состава Нашиновой Т.С. проводился литературный вечер, где студенты с теплотой и гордостью говорили о жизни и творчестве писателя.

Участниками мероприятия, прошедшего 25 февраля в читальном зале для магистрантов, аспирантов и профессорско-преподавательского состава, стали студенты филологического отделения групп 03101, 03102, 03201, преподаватели кафедры «казахского языка и литературы», заместитель декана филологического факультета Каримова Г.Ж.

Ведущие вечера ознакомили студентов с биографией и произведениями писателя. Студенты читали стихотворения на казахском и русском языках, отгадывали загадки (одно из любимейших увлечений писателя, в его копилке присутствуют загадки практически всех стран мира), прекрасно играли на домбре. Стоит отметить студентку группы 03101 Кусайнову Айнуру, которая великолепно прочла философское стихотворение «Өмір деген апшырың ермен бе еді?».

Главным событием для студентов стало выступление кандидата филологических наук, доцента, преподавателя-ветерана Шарабаева Сериккали Габдешевича. В его ярком и эмоциональном выступлении видна была бесконечная любовь к родному краю, кото-

рая через трепетные нотки в голосе передавалась и студентам. Заключением мероприятия стало выступление Талшин Салимовны. Она от души поздравила всех с таким событием и поблагодарила за организацию вечера. В дальнейшем планируются и другие мероприятия, постоянное сотрудничество с библиотекой.

Кадыр Мырзалиев – великий поэт, певец, воспевающий в своих песнях родной



для всех нас уголок Казахстана – Западно-Казахстанскую область. Его имя знают и дети, и взрослые, им гордятся каждый приуралец, наша задача состоит в том, чтобы все последующие поколения с чувством счастья и гордости произносили имя своего великого земляка!

**ГОЛУБОВА О.,** студенческий  
декан филологического отделения

В преддверие Международного женского дня в музее Западно-Казахстанского государственного университета им. М. Утемисова прошла встреча студентов с кандидатом географических наук, доцентом ЗКГУ им. М. Утемисова Терещенко Татьяной Александровной.



## ВСТРЕЧА с прекрасным человеком

в родном Чимкенте или учиться в КазГУ им. С.М. Кирова. Предпочтение она отдала более престижному университету, поступив в КазГУ им. С.М. Кирова по специальности «география». С этого и началась её студенческая жизнь. Она не только была отличницей учебы, но и активно принимала участие в общественной деятельности, работая руководителем комсомольской организации.

Прекрасные студенческие годы позади, в руках - красный диплом КазГУ им. С.М. Кирова. Татьяна Александровна получает распределение в Уральский педагогический институт им. А.С. Пушкина. Интересно и то, что её дипломная работа также была связана с западным регионом Казахстана. Первые впечатления в Урале, прямо скажем, не были яркими и запоминающимися. Однако сейчас наша героиня ничуть не жалеет о том, что приехала в этот город, ведь именно здесь сложилось её семейное счастье.

Татьяна Александровна – это не только прекрасный педагог, это и успешный научный деятель, имя которого известно за пределами республики. Её научные труды «География населения Уральской области» (Уральск, 1992), «Геоэкологические проблемы бассейна озера Шалкар // Современные проблемы геоэкологии и зооэкологии» (Алматы, 2001), «Особенно-

сти сельского расселения в долине реки Урал. // Мат. науч.-практич. конф. «Освоение целинных земель и современное развитие регионов Казахстана и России»

сти сельского расселения в долине реки Урал. // Мат. науч.-практич. конф. «Освоение целинных земель и современное развитие регионов Казахстана и России»

сти сельского расселения в долине реки Урал. // Мат. науч.-практич. конф. «Освоение целинных земель и современное развитие регионов Казахстана и России»

сти сельского расселения в долине реки Урал. // Мат. науч.-практич. конф. «Освоение целинных земель и современное развитие регионов Казахстана и России»

сти сельского расселения в долине реки Урал. // Мат. науч.-практич. конф. «Освоение целинных земель и современное развитие регионов Казахстана и России»

**ГОЛУБОВА О.,** студентка 3 курса





Білімді болу деген сөз – белгісіз нәрсені ашу қабілетіне ие болу деген сөз. Ал белгісіз нәрсені аша білу деген сөз – ол теориялық өнердің барлығына тән, ортақ жәйт.

Әбу Насыр әл-Фараби

Жуырда Алматы қаласында Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясында студент-жастардың шығармашылық қабілеттерін, практикалық шеберлігін шыңдау мақсатында республикалық пәндік олимпиада өткізілген болатын. Аталмыш олимпиадаға мәдениет және өнер институтының студенттері белсенді қатысып, жүлделі орындармен оралды. Режиссура мамандығы бойынша олимпиадаға қатысқан «Режиссура» мамандығының 4 курс студенті Тұрар Төлеген жүлделі III орынға ие болса, кескіндеме бойынша қатысқан «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығының 3 курс студенті Жанпейіл Сейтақов жүлделі II орынды қанжығасына байлап, университет мерейін асқақтатты.

## УНИВЕР ЖАСТАРЫ - ЖЕҢІМПАЗ!

Режиссура мамандығы бойынша олимпиадаға қатысқан «Режиссура» мамандығының 4 курс студенті Тұрар Төлеген жүлделі III орынға ие болса, кескіндеме бойынша қатысқан «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығының 3 курс студенті Жанпейіл Сейтақов жүлделі II орынды қанжығасына байлап, университет

публикада алғаш ұйымдастырылып отыр. Олимпиада жоғары деңгейде өтті. Әділқазылар алқасының төрағасы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, белгілі кескіндемеші Дулат Әлиев болды. Жанпейілдің шығар-



зылар алқасының төрағасы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, белгілі кескіндемеші Дулат Әлиев болды. Жанпейілдің шығар-

мерейін өсірді. Олимпиаданың 2 кезеңінен де сүрінбей өтіп, жүлделі орынға ие болған Тұрар - университет, қала, облыс келемінде өткізілген түрлі байқауларға белсенді қатысып, жеңімпаз атанып жүрген дарынды жастардың бірі. «БҚО Жастар қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен «Ақжайықтың жастары: өткені, бүгіні, болашағы» атты облыс жастары арасындағы бейне-роликтер байқауында I орынға ие болып, ақшалай сыйлықпен марапатталған болатын. Тұрардың осы сынды жетістіктері өте көп. Аталмыш олимпиадада да өзінің дарындылығымен, алғырлығымен, тапқырлығымен көзге түскен Тұрар бұл жетістіктерімен тоқтап қалмайды деп сенеміз. «Әділқазылар алқасының құрамында Асанәлі Әшімов, Дамир Манабай сынды қазақ кинематографиясының майталмандары болған бұл олимпиада жоғары деңгейде өтті. Батыс Қазақстан облысынан жалғыз өзім қатыстым, сондықтан аталмыш білім додаларына шығармашыл жастарды тарту қажет деп ойлаймын», - деп Тұрар өз ойымен бөлісті.

Олимпиадаға қатысқан Жанпейілдің жетекшісі, «Көркем-қолданбалы өнер және кәсіби білім» кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының кандидаты, доцент Сейтұмов Айбар Ғалымұлын сөзге тартқан болатынбыз: «Кескіндеме пәні бойынша пәндік олимпиада рес-

машылық ізденісінің арқасында намысты қолдан бермей, жүлделі орынға ие болдық. Жанпейіл «Ұлы Жеңіске - 65 жыл» тақырыбын таңдап, жаяу әскердің аяғындағы етіктің суретін салып, тапқырлық танытты. Сондықтан да Жанпейілдің болашағы зор деп есептеймін. Алдағы уақытта студенттерді байқауларға, олимпиадаларға, сайыстарға қатысуға дайындап, олардың шығармашылық қабілеттері мен шеберліктерін арттыру жолында жұмыстанамыз». Жанпейіл: «Олимпиадаға тұңғыш рет қатыстым, әрине қобалжу болды, қанша дегенмен өзіңнің атың емес, облыс, қала берді университетімнің намысын қолдан бермеу керектігін білдім. Алайда ойымды жинақтап, сол олимпиадада жүлделі орын алып, университетімді биік шыңдардан көрсетуге тиіспін деп алдыма мақсат қойдым және сол мақсатыма жеттім деп ойлаймын. Кескіндеме бойынша олимпиадаға қатысушылар өте көп болды, ал облыс бойынша жалғыз қатыстым. «Отан», «Менің Астанам», «Ұлы Жеңістің 65 жылдығы» тақырыптары берілді, сурет салуға 6 сағат уақыт берілді.

Ешбір тыным таппаған, Талай жерді таптаған Ұлы Жеңіске жетем деп, Жауға елін сатпаған, - деген жыр шумақтарын арқау етіп, Ұлы Жеңістің 65 жылдығына орай сурет салуды ұйғардым. Мен етіктің суретін салдым, бұл жай ғана етік емес, жаяу әскердің аяғындағы етік болды. Жеңістің нышанындай етіктің айналасына гүл шоқтарын салып, өзімнің ойымдағы суретімді қағаз бетіне түсірдім. Алдағы уақытта шығармашылығымды шыңдау мақсатында түрлі байқауларға қатысу жоспарымда бар».

Биік белестерден көрініп, университет намысын қолдан бермей, мерейін асқақтатар университетіміздің дарынды шығармашыл жастарының қатарын көбейтіп жүрген студенттерге шығармашылық табыстар тілейміз.

СРАЛИЕВА Мейрамгүл

## Арулар - асыл жанғар

Қазақ халқы қызды қызғалдаққа балаған. Қырда жайқалып өсетін жауқазынның еліне сыйлы жан болуы үшін «қызға қырық үйден тыйым» деген нақыл сөзді негізге алған. Өйткені, сыйлы ару – ертеңгі инабатты келін, адал жар, келешек ақ жаулықты асыл әже.

Бар халықтың болашағы – сол елдің ұрпағы. Ал сол ұрпақтың түзу тәрбиесі – ана мойнындағы ауыр жүк.

Тұрымтайдай желкілдеп, еркелеп, еркін өскен бұрымды қазақ қыздары шетінен он саусағынан өнер тамған шебер қолды, шаршы топта сөйлесе шешен тілді, сайраса бұлбұлдай әнші болған. Жастайынан жақсы қасиеттерді жиып бой түзеген арулар - келешектегі баға жетпес асыл жан-дар. Ата-анадан үйренген, отбасынан көрген тәлім-тәрбиесі, жөжіребесі - сол өмірінің жемісі. Еліне сыйлы болған келін көпке үлгі бола алады.

Көргені, түйгені молайған асыл әже – көненің көзі. Қыз бала болып дүниеге келіп, ақ жаулықты әже кейпіне ену – асыл жан-дардың ғана еншісінде.

Сіздерге сүйікті жазушымыз Ө.Нұршайықов атамыздың:

- Қыздар!
- Егер сүйген жігіттеріңе сүйікті жар боламын десендер, еңбекшіл болыңдар!
- Егер ата-енеге қымбатты келін боламын десендер, еңбекшіл болыңдар!
- Егер ертең шәкірттеріңе үлгілі ұстаз боламын десендер, еңбекшіл болыңдар!
- Өздеріңді алақанға салып, әлпештеп отырған осынау қоғамымызға адал перзент, асыл азамат боламын десендер, еңбекшіл болыңдар!
- Егер ертең егде тартқанда келісті ана, кемеңгер әже боламын десендер, еңбекшіл болыңдар!
- Әдемі болыңдар, әсем болыңдар. Сонымен бірге ақылды болыңдар!
- Сұлу болыңдар, сымбатты болыңдар. Сонымен бірге саналы болыңдар! - деген өсиет сөздері әрдайым саналарыңызда жүрсін дегім келеді.

А.Т.МОЛДАШЕВА,  
қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің  
02201-топ студенті

Екатерининские балы отличались особенным блеском и пышностью, о чем свидетельствовали люди, выдавшие великолепие Версаля. С тех пор балы вошли в жизнь российского дворянства, став его неотъемлемой частью. Прошло немало лет, а интерес к этой блестящей эпохе так и не угас.

Пушкинский бал – одно из самых захватывающих действий в ЗКГУ им. М. Утемисова. Это тот самый вечер, когда студенты, почувствовав себя героями пушкинской эпохи, кружатся в вальсе, мунуэте, читают стихи и отрывки из поэм. В очередной раз студенты сменили свои джинсы на пышные бальные платья с кружевами и черные строгие фраки. В университете вот уже четвертый год подряд в эти мартовские дни успешно прошел традиционный Пушкинский бал.

Бессменный ведущий Быков Сергей и

назначении человека, исполнение романсов стало несомненным украшением бала. «Я помню чудное мгновение» - Соловей Елена, «Пирующие студенты» - Ахметова Дина, «Соуженное письмо» - Мокрецова Маргарита - эти и многие другие строки вновь и вновь заставили сопереживать, волноваться и задумываться всех гостей бала. Органично была вписана сцена объяснения Татьяны Лариной и Евгения Онегина, разыгранная прямо среди гостей Галиной Самойловой и Сергеем Быковым.



## Триумф на себя

его очаровательная спутница Таудаева Эльмира на правах хозяйина и хозяйки бала с увлечением рассказывали гостям о жизни великого поэта в провинции (в этом году темой бала был выбран Михайловский период творчества Александра Сергеевича).

Один из самых зрелищных моментов бала – это, бесспорно, танцы пушкин-



ней участие хором девушек в кокошниках и сарафанах, которые исполнили песню «Во поле береза стояла», вызвали в зале бурные и продолжительные аплодисменты. Маленькая трагедия, повествующая о предательстве и зависти - «Моцарт и Сальери», разыгранная Сергеем Быковым и Галиной Самойловой со свойственной им экспрессией и натуральностью, так же стала укра-



## пушкинскую эпоху

Среди гостей бала – к.и.н., доцент Гурьева Г. Г., к.ф.н., доцент Опря О. В., проректор по делам молодежи, к.п.н. Даришева Т. М., директор института культуры и искусства Маулетова С. А., а так же преподаватели ВУЗа – Колленко И. М., доцент

Шарабасов С. Г., деятели культуры, студенты и родители.

Ярчайшим моментом бала стали выступления солистки областной филармонии Марины Дикиной (романс «Бахчисарайский фонтан»), студентки ЗКГУ Анастасии Руденко (романс «К морю») и студента ЗКГУ Дархана Купеева (романс «В крови горит огонь желанья»).

Не обошли вниманием и прозу Пушкина. Инсценировка фрагментов повести «Барышня-крестьянка» с принимавшим в

шением вечера.

Тем временем, пока юные пары самозабвенно кружатся под звуки мазурки, демонстрируя танцы, которые любил танцевать сам Пушкин и его окружение, своими впечатлениями с нами поделилась студентка третьего курса института культуры и искусства Зрячкина Мария:

- Это очень красивый и замечательный праздник, на который мы имеем возможность попасть всего лишь один раз в год, но зато воспоминания о каждом бале хранятся в памяти долгое время.

О Александр! Ты был повеса, Как я сегодня хулиган. Но эти милые забавы Не затемнили образ твой, И в бронзе выкованной славы

Трясешь ты гордой головой - эти строки Сергея Есенина, так по-хулигански прочитанные Сергеем Быковым, были завершающим аккордом четвертого ежегодного Пушкинского бала в ЗКГУ им. М. Утемисова.





## «Жыр тамған жүрек!»

М.Өтемісов атындағы БҚМУ жаратылыстану-математикалық факультетінде жаратылыстану, физика, математика және информатика бөлімінің студенттік декандарының және жас ақындар мүшайрасының жеңімпазы, экология мамандығының 2 курс студенті Жайлиева Айгерімнің ұйымдастыруымен Ф.Оңғарсынованың 70 жылдық мерейтойына орай студенттерге арналған «Жыр тамған жүрек!» атты танымдылық жыр кеші өткізілді. Жыр кешіне жаратылыстану-математикалық факультетінің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Маулешева Г.С., жас ақын Жұмасалихов Сыйлыхан және факультет белсенділері мен студенттер қатысты. Аталмыш жыр кешінде студенттер Фариза апамыздың өмір жолымен танысып, ақынның туындыларынан үзінді-лер оқыды. Сонымен қатар арнау өлеңдер айтылып, суреткерлік шеберлікке құлаш ұрған қаламгер Фариза апаның еңбектерінен де сыр шертілді. Кеш соңында факультет деканының орынбасары Г.С.Маулешева кештен алған әсерін студенттермен бөлісті. Мәдениет және өнер институтының 3 курс студенті Жұмасалихов Сыйлыханның ақын апаға арнап жазған өлеңін студент-жастар сүйсіне тыңдады.



Қай ғасыр, қай кезең, қай заман болмасын - поэзия халық жүрегімен үндесе бірге соғады – дегендей, осындай жыр кештерінің студенттерімізге берер әсері мол екеніне көз жеткіздік. Бұндай поэзия, жыр кеші алдағы уақытта да өз жалғасын табады деген ойдамыз.

**Жаратылыстану бөлімі студенттері**

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Экономика және басқару институтында «Жігіт сұлтаны» атты сайыс өткен болатын. Сайысты ұйымдастырушы 09214 топ студенттері мен кураторы Ш.М. Алтыбаева.

Сайысқа есеп және аудит мамандығының 2 курс студенттері арасынан А.Баспеков, М.Гумаров, М.Абдулов, Р.Сырымбетов, М.Бекбулатов белсене қатысты.

Қазақ жігіттерінің бойларына өнер, білім, тапқырлық сынды қасиеттерді сіңіру мақсатында өткен «Жігіт сұлтаны» сайысы 5 бөлімнен тұрды. Әр бөлімнің өзіндік ерекшеліктері мен қиындықтары болды. Таныстыру, өз өнерін көрсету, әдемі би билеу өнері, пародия және жылдамдықта шаңғы тебуге жігіттер бар өнерін ортаға салды. Қатысқан бес жігіттің бесеуі де өнерлерімен қоса, біліктерін, тапқырлықтарын танытып, ширақтығын да дүйім

## Жігіт



## сұлтаны

жұрттың алдында паш етті. Қазылар алқасының шешімі бойынша бес бөлімнен де мүдірмей өнерін көрсеткен жігіттің сұлтаны - А.Баспеков деп танылды. I орын Р.Сырымбетов, II орын М.Абдулов иеленсе, III орын М.Бекбулатов пен М.Гумаровқа бұйырды. Сайыс соңында жеңімпаздар дипломдармен және арнайы сыйлықтармен марапатталды. Сайыс өте тартымды да қызықты өтті. Алдағы кезеңде осындай сайыстар жалғасын табатынына сенімді мол.

**МУРЗАТАЕВА Данагүл, 09214 топ студенті.**

2010 жылдың 5 наурыз күні М.Өтемісов атындағы БҚМУ-нің жаратылыстану бөлімінде, студенттік деканаттың және жаратылыстану бөлім жігіттерінің ұйымдастыруымен «Әйел-ана, қыз-ару!» атты халықаралық әйелдер күніне орай мерекелік кеш өткізілді.

## Әйел – ана, қыз – ару!

Мерекелік кешке жаратылыстану-математикалық факультетінің деканы Ж.М.Қарағойшин, профессор-оқытушылар ұжымы мен барлық арулар қатысты. Кеш барысында факультет деканы Ж.М.Қарағойшин барлық профессор-оқытушылар құрамындағы әйел атаулы ана-апаларымыз бен ару қыздарды құттықтап, өзінің өсем әнін тарту етті. Сонымен қатар жігіттеріміз де қалыс қалмай өз өнерлерін ортаға салып, ұстаз-аналар мен аруларға ерекше көңіл-күй сыйлады. Бар өнерлерін ортаға салған бөлім жігіттері барлық әйел атаулыны мерекелерімен құттықтады. «Химия» кафедрасының меңгерушісі Дина Кенжебекқызы Мендалиева сөз сөйлеп, думанды кешті ұйымдастырушыларға өз ризашылығын білдірді. Кеш оқытушылар мен арулардың әдемі би кешімен аяқталды. Тамаша кештің өтуіне көмек көрсеткен факультетіміздің деканы Ж.М.Қарағойшин мен бөліміміздің 1 курс жігіттеріне алғысымыз шексіз. Аруларымыз мерекелік кештен ерекше әсер алып, жақсы көңіл-күймен тарқасты.

**Ж.Е.ЕШИМОВА, Жаратылыстану бөлімінің студенттік деканы**

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің спорт сарайында «Дипломмен ауылға» жобасы бойынша педагогикалық мамандықтарға байланысты жәрмеңке оздырылды.



Бұл кешті БҚМУ-дың I проректоры алғашқы боп сөз алып, жәрмеңкенің негізгі мақсат-міндеттерін айтып және студенттердің оқу орнын аяқтағаннан кейін өз мамандықтары бойынша жұмысқа орналасып, елі үшін қызмет атқаруы – үлкен жетістік екендігіне тоқталып, түлектерге сәттілік тіледі. Бұл жәрмеңкеге қалалық білім беру бөлімі және аудандық білім беру бөлімдерінің арнайы мамандары келген болатын. Аудандардан келген мамандардың пікіріне сүйенсек, қазіргі кезде студенттердің ауылдық мектептерге деген сұранысы күшейе түскенін, қызығушылықтарының артқанын байқауға болады. «Нұр Отан» ХДП-ның «Дипломмен ауылға» жобасы негізінде

# ДИПЛОММЕН ауылға

ауылдық жерлерге жұмысқа баратын мамандарға 100 000 теңге көлемінде ақшалай көмек көрсету, 0,01 пайызбен несиені беру және еңбекақыға қосымша 25 пайыз үстемеақы қосу секілді ынталандырулар биыл да өз жалғасын табады. Жас мамандарға көрсетілетін қолдаулардың арқасында жыл сайын ауылдық жерлерге жұмысқа баратын кадрлар саны арта түсетіні, әрине, сөзсіз. Аудан, ауыл бойынша гуманитарлық, техникалық мамандықтарға деген сұраныс күшеюде, бірақ Қазталов, Қаратөбе, Теректі, Бөкейорда аудандарында математика, физика, химия пәндері бойынша мамандардың әлі де жетіспеуі көңілге кірбің ұялатады. Ақжайық аудандық білім беру бөлімінен келіп отырған мамандардың айтуы бойынша **орыс класына химия, физика, орыс тілі** пәні мұғалімдерінің қажет екені, Жәнібек аудандық білім беру бөлімі география, орыс тілі, ағылшын тілі мұғалімдері, Жаңақала аудандық білім бөлімі химия, орыс тілі мұғалімдерінің тапшы болып отырғандығын айтады. Қалалық мектептерде де осы мамандықтарға деген сұраныс артуда. Сонымен қатар, музыкалық білім беру, бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі, дене шынықтыру мамандарын қажет етіп отырған мектептер де бар. Түлектер, яғни болашақ мамандар аудандық, қалалық білім беру бөлімдеріне түйіндемелерін тапсырып, сауалдарын қойып, қажетті ақпараттарын ала білді.

«Еліміздің келешегі – жастардың қолында» демекші, ел тізгінін ұстар, жас мамандарымызға сәтті сапар тілей отырып, жастардың болашағына үлкен сеніммен қараймыз.

**С.А.БЕККУЖИЕВА**

## ЖОЛДАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖАЙЫНДА

2010 жылдың 29 қаңтарында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ұжымы тікелей эфирде ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты халыққа Жолдауымен танысты. Университет ректоры Т.З.Рысбеков, проректорлар: А.С.Тасмағамбетов, Т.М.Даришева, оқытушылар: М.Н.Медеуова, А.С.Мұстафина, Қ.Н.Мадилов, Н.В.Мымрина, Ж.С.Сырым, Е.Е.Хайдаров, студенттер: О.Голубова, А.Жақсығалиевалар аталмыш Жолдаудан алған әсерлерін алғашқы болып бұқаралық ақпарат құралдарына, облыстық, республикалық баспасөз беттерінде жариялаған болатын.

Президент жолдауын кеңінен насихаттау және талқылау мақсатында 2 ақпаннан бастап университет студенттеріне арналған кешенді жоспар құрылып, үгіт-насихатшылар тобы жасақталды. Қазақ және орыс топтарына ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін арнайы профессор-оқытушылар құрамы бекітілді. 6 тараудан тұратын Елбасы Жолдауын оқытушылар барынша түсінікті, әрі ашық түрде жеткізуге тырысты.

Үгіт-насихатшылар тобы кешенді жоспарға сай университеттің барлық факультеттері мен институттарының студенттеріне аталмыш Жолдауды түсіндіруге арналған дәрістерін оқыды. Тәрбие жұмысы бөлімінің арнайы жоспарына сәйкес «Елбасы жолдауы – халық игілігі» дөңгелек үстел және «Нұр Отан» ХДП БҚО филиалы «Жас Отан» жастар қанатының төрағасы Ә.Қ.Сүндетов пен облыстық жастар мәслихатының депутаты Р.Ашеновамен студенттік белсенділер арасында кездесу кеші оздырылды.

Кездесудің мақсаты Жолдауда көрініс тапқан жастар мәселесін талқылау және түсіндіру болды. Ә.Қ.Сүндетов өз сөзінде Н.Ә.Назарбаевтың қазақстандық жастарға қатысты айтылған Жолдаудағы ойларына, соның ішінде жоғары білікті мамандар мәселесіне кеңінен тоқталды. Кездесуге қатысушы студенттер «Жас Отан» ЖҚ төрағасына студенттік «Жасыл Ел», құрылыс еңбек жасақтары және қаладағы спорттық-сауықтыру кешендеріне 50% жеңілдіктермен кіру туралы сауалдарын оқпдады. Жастар мәслихатының депутаты Р.Ашенова ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жолдауына сүйене отырып, білім беру, жұмысқа орналастыру және студент жастарды әлеуметтік қорғау мәселелеріне кеңінен тоқталып кетті. Жолданған сұрақтардың реті қалалық қоғамдық көліктерде жол жүру ақысының студенттерге 50% жеңілдіктері және «Wi-fi» сымсыз интернет желісі жайында болды.

Қазіргі таңда педагогика және психология кафедрасында жеделдетілген курстарда мектепке дейінгі білім беру орындарының тәрбиешілерін дайындау жұмысы белсенді жүргізіліп келеді. ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие Концепциясын жүзеге асыру бойынша әдістемелік көмек көрсету жөнінде келісімге қол қойылды.

Университетте құрылған Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА ресурстық орталығында мектептегі пәндерді оқыту әдістемесін жетілдіру, «Өзін-өзі тану» пәнін оқыту, 12 жылдық білім беруде әдістемелік көмек көрсету тақырыптарында дөңгелек үстел өтті. Профессор А.М.Мұхамбетжанова жаңа әдістемелік оқу құралдарымен жұмыс жасай отырып, 4 шеберлік класын өткізіп, облыс мектептерінің 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу жөніндегі қорытындысын негіздеді.

Қазақстандық ұлтжандылықты қалыптастыру, Ұлы Жеңістің 65 жылдығын атап өту бойынша іс-шаралар кешенді түрде өткізіліп келеді. Б.Момышұлының 100 жылдығына орай әдеби-шығармашылық кештер өткізілсе, әскери-тарихи мұражайында Сталинград шайқасына арналған диарамма орнатылған болатын. Ұлы Отан соғысының ардагерлері П.Р.Букатин, Х.Ж.Сүйіншалиевтермен кездесу ұйымдастырылып, волонтерлер тобы құрылып, олар ректораттың атынан Халықаралық әйелдер мейрамы қарсаңында 56 әйел - тыл ардагерлерін мерекелерімен құттықтап, сыйлықтар табыс еткен болатын.

Университет студенттері Р.Төлеген, Д.Құлжанов ҚР Президентінің халыққа Жолдауына арналған дебат турниріне қатысып, турнир төрешілерінің қызығушылығын тудырып, жастардың арасында ұлтжандылық, патриотизм сынды қасиеттерді дамыту, аймақта кәсіпкерліктің «Жол картасы - 2020» бағдарламасын жүзеге асыру жөнінде ұсынылған нақты механизмдерінің тиімділігін дәлелдеп, үздіксіз орынға ие болды.

Тәрбие жұмысы жөніндегі бөлім Ішкі саясат бөлімімен бірлесе отырып, университеттің кураторлары мен кешбасшы студенттеріне арнап тәрбие жұмысының әдістемесін енгізу және студент-жастар арасында кешбасшыларды дайындау жөнінде семинар-тренинг өткізді.

«Достық» студенттік Кіші Ассамблеясының жұмысына белсене қатысқан университеттің оқытушылары мен студенттері Қазақстан Республикасы халықтарының Ассамблеясының 15 жылдығына орай өткізілген «Қазақстандық этносаралық келісімнің даму моделі» тақырыбындағы аймақтық форумға қатысты (01.03.10).

500-ден астам студент ҚР Ұлттық Қауіпсіздік комитеті шекарашылар қызметінің концертін тамашалады. Әншілердің әндері ҚР Қорғаныс күштерінің жоғары кәсіби шеберлігі, қазақстандық әскерлердің әскери қызметі жөнінде мол ақпарат беретін слайдтағы көріністермен ұштасып жатты. Қазақстандық әскердің тарихымен және бүгінгімен танысу студенттерге өз елін мақтаныш етуге және болашақта өз ісінің маманы болуға мүмкіндік берді (28.02.10).

Ғылыми Кеңес ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, самбодан әлем чемпионы – А.Шайжиев, Қ.Жетпісов сынды, сонымен қатар Қазақстанның дамуына үлес қосып жүрген көптеген мамандарды даярлап, бірқатар шәкірт тәрбиелеген Қ.И.Исмағұловтың 70 жылдық мерейтойына орай дзюдо күресінен облыстық чемпионат өткізілді (10.03.10).

Университетте оқытушылар мен студенттер арасында спортты дамыту мақсатында Бағдарлама қабылданып, апта сайын олардың денсаулығын нығайту мақсатында көптеген іс-шаралар өткізіліп келеді. Облыстық спорт басқармасымен бірлесе отырып, оқытушылар мен студенттердің арасында көпшілік спортпен айналысуды арттыруға септігін тигізетін іс-шаралар ұйымдастыру жоспарланып отыр.

Алдағы уақытта атқарылар нақты іс-шаралар бар, олардың қатарына жоғары оқу орындарының рейтингісіне қатысу, аккредитация, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, ғылым, шығармашылық жолындағы зиялы қауым өкілдерімен кездесу, мазмұнды да мағыналы бағыттағы іс-шаралар өткізу кіреді.

**М.СРАЛИЕВА**





Важнейшей задачей современной системы образования является подготовка специалистов новой формации, обладающих соответствующими компетенциями и способными решать профессиональные задачи в динамично изменяющемся обществе. В этих условиях определяющим является не набор знаний, умений и навыков (ЗУНов), а интеллектуальный потенциал специалиста, обеспечивающий креативный подход к решению различных задач, способность быть мобильным в постоянно изменяющихся ситуациях, требующих нестандартных профессиональных решений.

# ОТ ВЫСОКОГО ИНТЕЛЛЕКТА К РАЗВИТОЙ ЭКОНОМИКЕ

Исследованиями Jones G., Schneider J. (2005 г.) была продемонстрирована прямая корреляционная зависимость между интеллектуальным коэффициентом (IQ) населения страны и значением валового внутреннего продукта (ВВП) на душу населения. Так ВВП на душу населения в Гонконге составлял \$31510 при значении IQ 107, в Австрии - \$31790 при IQ - 102, Венгрии - \$15620 при IQ - 99, России - \$9620 при IQ - 96.

В этой связи определение интеллектуального коэффициента и мониторинг его динамики позволяет оценить эффективность образовательного процесса всей совокупности средств и методов развития личности и, как следствие, перспективы экономического развития государства.

В Западно-Казахстанском государственном университете им. М. Утемисова периодически проводится определение уровня интеллектуального коэффициента у студентов. Оно дает возможность определить креативный потенциал абитуриентов, поступающих на обучение по соответствующим программам. Полученные результаты позволяют определить интерес студентов с соответствующим уровнем IQ к той или иной программе обучения и осуществлять коррекционные действия в методах и средствах обучения для достижения позитивного результата в учебном процессе.

В текущем учебном году проведено определение IQ у студентов 1 и 4 курсов, обучающихся в институте экономики и управления, институте культуры и искусства, а также на факультетах: педагогическом, филологическом, естественно-математическом, социально-гуманитарном. Всего в исследовании приняло участие 318 студентов. Определение интеллектуального коэффициента осуществлялось по таблице Равена (шкала прогрессивных матриц). В соответствии с методикой проведения данного теста каждый студент должен был за 30 минут выполнить 60 тестовых заданий. Таким образом, по окончании тестирования обработке было подвергнуто 19080 тестовых заданий. На основании этих данных было проведено распределение в группы по значениям IQ. По результатам исследования распределение студентов произошло по семи группам.

Очень высокий - > 129; высокий — 129-120; хороший — 119-110; выше среднего — 109-90; ниже среднего — 89-80; пограничный — 79-70; низкий - <70

На рис.1 представлены результаты оценки IQ в разрезе, как институтов, факультетов, так и университета в целом.




Рис.1 Значение IQ студентов 1 курса ЗКУ им. М. Утемисова

Характерной особенностью является тот факт, что студенты 1 курса, поступившие в наш университет, имеют значение интеллектуального коэффициента выше среднего, то есть в диапазоне 90-109. Несколько выше его среднее значение на социально-гуманитарном и филологическом факультетах (103,9 и 100,1 соответственно) и несколько ниже на

педагогическом факультете и институте культуры (93,2 и 96 соответственно). Причем следует отметить, что значения IQ абитуриентов, поступивших в наш университет в 2009 году, наиболее высокий за последние три года (рис.2).




Рис.2 Значение IQ у студентов 1 курса ЗКУ им. М. Утемисова

Оценка интеллектуального коэффициента у студентов 4 курса показала, что наивысшее значение 104,8 и 103,8 у студентов филологического факультета и института экономики и управления (соответственно). Самый низкий показатель у студентов института культуры и искусства - 89,2 (рис.3). В целом по университету этот показатель составляет 99,5.




Рис.3 Значение IQ студентов 4 курса ЗКУ им. М. Утемисова

Оценка уровня интеллектуального потенциала студентов 1 курса относительно программы подготовки свидетельствует о том, что наиболее он высокий у студентов, обучающихся по программам: «Международные отношения» - 107,8; «Иностранный язык» - 104,6; «Биология» - 103,9; «Финансы» - 103,9; «Математика» - 103,6.

Следует отметить, что ряд студентов-первокурсников продемонстрировали высокий уровень IQ. Среди них: Исентаева Г. группа 03101 - 126 баллов; Гайдарлы Л. группа 01104 - 124 балла; Бекмаганбетова Б. группа 01106 - 120 баллов; Кусайнова А. группа 03101 - 120 баллов. Это свидетельствует об их высоких креативных возможностях и необходимости дальнейшей работы над собой для достижения высоких целей.

Наиболее низкое значение IQ у студентов, поступивших на такие программы как «Экономика» - 88; «Менеджмент» - 88,6; «Информатика» - 92; «Педагогика и психология» - 93,2.

Таким образом, в целом интеллектуальный потенциал первокурсников выше среднего значения. Это создает благоприятные условия для плодотворной работы не только по усвоению программного материала, но и реализации творческого потенциала в различных направлениях интеллектуальной деятельности.

Что касается выпускного 4 курса, то следует отметить, что высокий уровень IQ у тех, кто обучается по таким программам, как: «Переводческое дело» - 108,7; «Учет и аудит» - 103,8; «География» - 103,3; «Русский язык и литература» - 102,4.

Что касается программ обучения, где у студентов невысокое значение IQ, то это программы культурологической направленности - «Библиотечное дело», «Музыкальное образование», «Декоративное искусство».

В настоящем исследовании определялась также зависимость между значением интеллектуального коэффициента и результатом ЕНТ. На рис.4 представлено данное соотношение. Как видно из данного графика, прямой корреляционной зависимости нет. Это свидетельствует о том, что при проведении ЕНТ определяются энциклопедические возможности учащихся, а не их интеллектуальный потенциал.




Рис.4 Корреляционная зависимость между значением ЕНТ и IQ

*«Здесь солнце сияет и птицы поют, сады расцветают, люди мирно живут...»*

1 марта состоялся региональный форум, посвященный 15-летию со дня создания Ассамблеи народа Казахстана. Форум организован членами Ассамблеи Западно-Казахстанской области совместно с областным филиалом НДП «Нур Отан». Главной задачей форума стала интеграция, консолидация народа Западно-Казахстанской области и обеспечение межэтнической стабильности в регионе.



Открыл работу форума первый заместитель председателя Ассамблеи ЗКО Тулебаев К.Т., отметив то, что нашей гордостью является мирное сосуществование более 130 на-

По мнению специалистов, если на какой-то учебный материал для его запоминания требуется 2 часа, то осмыслить, понять его, применить на практике, интерпретировать, то есть использовать его по полной программе, потребуется в 10,5 раз больше времени - 21 час. Реальная ситуация в образовании свидетельствует о том, что обучаемые перегружены запоминанием фактического материала, а это негативно отражается на развитии у них креативного мышления. Именно поэтому такой подход к образовательной подготовке не даст желаемых результатов, что, несомненно, скажется и на экономическом потенциале нашего государства.

Директор аналитического центра ЗКУ им. М. Утемисова доцент МЕЛЬНИКОВ В.Л.

## АКТЕЛІС! жолында!

2010 жылдың 25 наурызында Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ұйымдастыруымен университет жанынан құрылған полицияға жәрдемдесетін студенттік жасақтарының жоспарына сәйкес Ұлы Жеңістің 65 жылдығына орай волейбол және шағын футболдан жарыс өткізді. Жарысқа полицияға жәрдемдесетін студенттік жасақтардың, БҚО ІІД қызметкерлерінің, қалалық ІІБ командалары қатысты. Шараның мақсаты – жастар арасында салауатты өмір салтын кеңінен насихаттау, жастарға патриоттық тәрбие беру, шағын футбол және волейбол спортын дамыту. Жарыс қорытындысы бойынша М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің жанынан құрылған полицияға жәрдемдесетін студенттік жасақ командасы шағын футбол біріншілігінде I орынға ие болса, волейбол біріншілігінде III орынды қанжығаларына байлады. Жалпы командалық есепте жүлделі II орынға ие болды.

Мир сегодня внимательно изучает межнациональное состояние в Казахстане, и Ассамблея – один из веских мотивов председательства Казахстана в ОБСЕ. Его выступление продолжилось награждением самых активных членов Ассамблеи области. Продолжил выступление заместитель председателя Ассамблеи ЗКО Погодина С.М., подчеркнувший особый неповторимый менталитет казахстанцев, благодаря которому мы сейчас живем в мире и согласии. Особенно это важно для Западно-Казахстанской области, так как на территории области проживает более 90 этносов.

От имени молодежи выступил студент 4 курса Западно-Казахстанского государственного университета им. М. Утемисова Пивень Евгений, активный член молодежного общественного объединения «Достық», доклад которого был на казахском языке, что очень понравилось публике. Евгений от души поздравил Ассамблею с 15-летием и пожелал процветания и дальнейшего развития в таком ответственном деле интеграции и консолидации граждан страны.

Региональный форум продолжился праздничным концертом. Ассамблею поздравили представители различных национальных обществ: таджикского, украинского, русского, татарского и др. На форуме царил атмосфера праздника, на верное, еще и потому, что пришла долгожданная весна!

ГОЛУБОВА О., Руководитель МОО «Достық»

